

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТИ

Ақпараттық жүйелер

кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

« » 20 ж.

(колы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: ҚР Энергетика Министрлігінің ЭКӘМ бөлімшесінде
жұмыстың нәтижелерін қызу

5B070300 - Ақпараттық жүйелер

мамандығы бойынша

Орындаған Ақпараттық жүйелер кафедрасы №10-1

(аты - жөні)

(тобы)

Жетекші Қарағұлбаева Г.Ч., т.ғ.ғ., асистенті

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кенесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :

т.ғ.ғ. профессор Бақышев К.Б.

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

Қарағұлбаева Г.Ч. «14» 15 2014 ж.

(колы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

а.т.а. асистенті Топтаев В.В.

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

Қарағұлбаева Г.Ч. «20» 05 2014 ж.

(колы)

Есептеу техникасын қолдану бойынша :

т.ғ.ғ. аға асистенті Қасымбаева Б.К.

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

Қарағұлбаева Г.Ч. «05» 06 2014 ж.

(колы)

Мөлшер бақылаушы:

т.ғ.ғ. аға асистенті аға асистенті Абасқаралиева К.Б.

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

Қарағұлбаева Г.Ч. «15» 06 2014 ж.

(колы)

Пікір жазушы :

т.ғ.ғ. аға асистенті аға асистенті Қарағұлбаева Г.Ч.

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

Қарағұлбаева Г.Ч. «15» 06 2014 ж.

(колы)

Алматы 2014 ж.

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

1. Процедуралар диаграммасы.
2. Тірлектер диаграммасы.
3. Кооперация диаграммасы.
4. Қосымша диаграммасы.
5. Айнал көрсету диаграммасы.

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1. Кулыгин М. «Технология координативных сетей. Энциклопедия». СПб., Питер, 2001 г.
2. www.google.kz/
3. www.wikipedia.org/
4. Борисов М. Новые стандарты высокоскоростных сетей // Открытые системы, 1994 г.
5. IEEE Std. 802.3., 2000 Edition: Part 3: Carrier sense multiple access with collision detection (CSMA/CD) access method and physical layer specifications.

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
ӘРСИС-шілдік	Торзаев Е.Ә.	15.07.2014	[Signature]
Еңбекті бағалау бөлімі	Торзаев Е.Ә.	15.07.2014	[Signature]
Анализаторлық бөлім	Қазақбаева Г.Ч.	02.06.2014 ж.	[Signature]
Жұмыстау бөлімі	Қазақбаева Г.Ч.	02.06.2014 ж.	[Signature]
Ақпараттық талдау бөлімі	Қазақбаева Г.Ч.	02.06.2014 ж.	[Signature]

диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	Аналитикалық бөлім (сұрақтар)	(22.06.14 - 05.06.14) (02.06.14 - 05.06.14)	ИСК
2	Жобалау бөлімі	(03.06.14 - 05.06.14)	ИСК
3	Экспериментальды бөлім	(03.06.14 - 05.06.14)	ИСК
4	Экспликациялық бөлім	(02.06.14 - 05.06.14)	ИСК
5	Еңбекті қорғау бөлімі	(04.06.14 - 07.06.14)	ИСК

Заманбау кәсіпкерлік

Тапсырманың берілген уақыты « 7 » маусым 2013 ж.

Кафедра меңгерушісі т.с.с. Аманжолбаев Ш.Н., доцент
(колы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі т.с.с. Қарашайбаева Р.Н., доцент
(колы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент Аманжолбаев Раушан Аманжолұлы
(колы) (аты-жөні)

Андатпа

Бұл дипломдық жоба Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министірлігінің әскери бөлімшелеріне жергілікті желілер құруға арналған.

Берілген дипломдық жұмыста Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министірлігінің әскери бөлімшелерінің командирлері мен қызметкерлері арасындағы қарым-қатынасты тездету амалдары қарастырылған. Жергілікті кабельдік желіні құрудың жоспарлары Microsoft Visio қосымшасы негізінде қарастырылған. Сервер және қолданушылар арасындағы байланыс Delphi 7.0 объектілі-бағытталған бағдарламалау тілі ортасында құрылған.

Дипломдық жұмыста бағдарламаға қойылған талаптар, оның функционалдық тағайындалуы, бағдарламалық және логикалық құрылымның сипатталуы көрсетілген.

Аннотация

Этот дипломный проект посвящен разработке локальных сетей воинской части Министерство Обороны Республики Казахстан.

В данной дипломной работе были рассмотрены средства ускорения связи между командирами и подчиненных воинской части Министерство Обороны Республики Казахстан. Планы построения локальных вычислительных сетей рассмотрены на основе приложений Microsoft Visio. Связь между пользователем и сервером построена в среде объектно-ориентированной программе на языке Delphi 7.0.

В дипломной работе приведены заданные требования программы, его функциональные назначения и описание логической структуры программы.

В приложений проведен листинг и скриншоты программы. Разработанная система предназначена для использования воинской части Министерство Обороны Республики Казахстан.

Annotation

This thesis is dedicated to the development of local area networks for the military unit Ministry of Defence of the Republic of Kazakhstan.

In this thesis examined a means to accelerate communication between commanders and its subordinate military unit Ministry of Defence of the Republic of Kazakhstan. Plan for building local area networks applications in Microsoft Visio. Communication between the users and the server is built in the area of the object-orienting the program language Delphi 7.0.

Explanatory notes are given the requirements of the program, its functional purpose description of the logical structure of programs.

Мазмұны

Кіріспе	9
1 Жергілікті желілерді талдау	10
1.1 Желілерді құрудың принциптеріне шолу	10
1.1.1 Жергілікті есептеуіш желілерін (ЖЕЖ) топтастыру	10
1.1.2 Топологиялар технологиясы	10
1.1.2.1 «Шина» технологиясы	12
1.1.2.2 «Жұлдызша» технологиясы	12
1.1.2.3 «Сақина» технологиясы	14
1.1.2.4 Token Ring технологиясы	15
1.2 Құрылымдық кабельдік жүйе (ҚКЖ)	16
1.2.1 Құрылымдық кабельдік жүйе ұғымы	16
1.2.2 Есулі қос өткізгішті кабельдер	17
1.2.3 Оптикалық-талшықты кабельдер	19
1.2.4 Сымсыз желілер	20
1.2.5 Горизонтальді кабельдік жүйе	21
1.3 Коммутациондық құралдар	22
1.3.1 Телекоммуникационды шкаф	22
1.3.2 Коммутациялық блоктар	23
1.4 Есептің қойылымы	25
2 ҚР Қорғаныс Министірлігінің әскери бөлімшесіне жергілікті желілер құру	26
2.1 Құрылымдық кабельдік жүйеге қойылатын талаптар	26
2.1.1 Жергілікті есептеуіш желілердің белсенді жабдықтау талаптары	26
2.1.2 Жергілікті есептеуіш желілерді басқару талаптары	26
2.1.3 Серверлерге қойылатын талаптар	27
2.1.4 Желілік операциялық жүйелерге қойылған талаптар	27
2.1.5 Жұмыс станцияларына қойылған талаптар	27
2.1.6 Резервтік көшіру жүйесінің талаптары	28
2.1.7 Кешенді желілік баспа талаптары	29
2.1.8 Internet рұқсаттамасы мен бағдарламалық аппараттық құралдар талаптары	29
2.1.9 ЖЕЖ-дің негізгі жабдықтауының тоқтаусыз қуаттану жүйесінің талаптары	29
2.2 Желілік жабдықтарды таңдау	30
2.2.1 Құрылымдық кабельдік жүйе санаттары	30
2.3 Топологияны таңдау	31
2.4 Желіні басқару түрін таңдау	37
2.5 Толықтырушыларды таңдау	38
2.5.1 Активті желілік құрылғы	38
2.5.2 Телефондық станция	40
2.5.3 Серверлер	41
2.5.4 Стример	41

2.5.5	Үзімсіз Қорек Көзі (ҮҚК)	42
2.5.6	Пассивті құрылғылар	42
2.5.7	Жүйелердің суу жүйесі	42
3	Бағдарламалық қамтамасыздануды таңдау	43
3.1	Windows 2000 Advanced Server ОЖ негіздеуін таңдау	43
3.2	Желілердің техникалық үлгілерін құру	45
3.3	Желілердің пайдалы өткізу қабілеттілігінің есебі	50
3.4	Желідегі ақпараттарды қорғау	51
4	Еңбекті қорғау және тіршілік ету қауіпсіздігі	53
5	Экономикалық бөлім	53
	Қорытынды	77
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	78
А қосымшасы	Техникалық тапсырма	80
Ә қосымшасы	Бағдарламаның листингі	85

КІРІСПЕ

Екі және одан көп компьютерлер заттай қосылғанда компьютерлік желі пайда болады. Компьютерлік желі аумақтық жағынан бытыраңқы орналасқан пайдаланушыларға бірдей программаларды, жалпы ақпараттық және ақпараттық ресурстарды қолдануда өзара ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Бүкіл әлемде бүгінгі күні 150 миллионнан астам компьютер бар. Оның ішінде 80 пайызы кіші жергілікті желілер, офистарда глобальді желілер әр түрлі ақпараттық есептеуіш жүйелері-Internet типінде біріктірілген.

Жергілікті есептеуіш желі – ерекше типті желі ретінде көрсетіледі, жақын орналасқан жүйелерді біріктіреді.

Қазіргі кезде кез келген ұйымдардың жергілікті желісіз қызмет істеуі мүмкін емес. Біздің ғасыр ақпараттық технологиялар және ғылыми-техникалық болғандықтан ілгері басуы керек. Мына қиындықтардан тұрады:

- Ақпарат алмасу жылдамдығы
- Қымбат жабдықтар
- Сыртқы құрылғыларды бірге қолдану
- Ақпаратқа рұқсаттама (протокол)

Ақпараттың нәтижелі өңделуі – таралған функциялар, жергілікті есептеуіш жүйесінде орындалады. Бірақ сандық есептердің көп түрлері бар: бухгалтерлік және басқарушылық сандардың жиынтығымен істі болады, бірақ бухгалтерлік есептеулер ерекшеленеді, мысалы, инженерлік есептерден және құрастырушылардан. Сондықтан есептерді бөлімдерге бөледі – ғылыми, статистикалық, инженерлік, қаржылық және т.б.

Компьютерлік желі бір-бірімен қатынаса алатындай арнаға қосылған, компьютерлік және басқа электронды жабдықтарды іске қосуға қажетті барлық ақпараттық және программалық қамтамасыз ету кіреді. Желі басқа құрылғылармен өзара әрекеттесетін құрылғылар станциялар, тораптар немесе желілік құрылғылар деп аталады. Тетіктер саны екіден бастап мыңдаған санға жетеді.

Мәлімет алмасу үшін арнайы құралдармен біріккен бірнеше компьютердің жиынтығы. Арнайы құрылғылар келесі элементтерден тұрады: байланыс компьютерлерінен, байланыс каналдарынан. Желі архитектурасы ЭЕМ - құру принциптерін және желі элементтерінің аппараттық және

бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыстарын анықтайды.

Байланыс линияларынан құралған компьютердің жиынтығы.

Байланыс линиясы желілік адаптермен, кабельдерден және коммуникациялық құралдардан құралған. Барлық желілік құрал жабдықтар жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қаптаманың басқарумен жұмыс істейді.

1 Жергілікті желілерді талдау

1.1 Желілерді құрудың принциптеріне шолу

Жергілікті есептеуіш желінің (ЖЕЖ) ұғымы: жергілікті желі коммуникациялы жүйе, компьютерлік қорларды қолдануға мүмкіндік береді, желіге қосылғандардың бірі принтерлер, плоттерлер, сканерлер, дискілер және басқа шеттегі құрылғылар. Жергілікті желіде әдетте бір немесе бірнеше жақын орналасқан ғимараттарға ғана шек қойылған.

1.1.1 Жергілікті есептеуіш желілерін (ЖЕЖ) топтастыру

Есептеуіш желілер белгілердің қатарымен топтастырылады:

1.1.2 Топологиялар технологиясы (Желі топологиясы)

Желі топологиясы (ағылш. network topology) — есептеу желісіндегі машиналардың физикалық конфигурациясы, яғни қандай түйіндер жұбы өзара байланыса алатынын көрсететін физикалық жалғастыруды (немесе түйіндер арасындағы логикалық байланысты) бейнелеу; желілер жолдары мен тораптарын, олардың жол ұзындығы, тораптар қуаты төрізді сипаттамаларын ескермей, жалғастыру құрылымын зерттейтін қолданбалы ғылым.

Желіге компьютерлерді біріктіру үлкен сыйымдылықты дискілерді, принтерлерді, негізгі жадыны, программалық құралдарды бірге қолдану болып табылады.

Компьютерлік желі деп қолданушыларды ақпараттық, программалық және аппараттық ресурстарды және ақпаратпен алмасу құралдарын ұжыммен пайдалануды қамтамасыз ететін өзара байланысқан компьютердің жиынтығы.

Компьютерлік желілер – деп әртүрлі қорларды мысалы программаларды, құжаттарды және принтерлерді бірігіп пайдаланатындай етіп, бір-бірімен кабельдің көмегімен арқылы қосылған компьютерлер тобын айтады.

Егер желі онша үлкен емес және мекеменің бірнеше бөлмесін қамтыса, онда оны жергілікті желі деп атайды.

Компьютерлерді жергілікті желіге біріктіру (бірліктен бірнеше жүздіктерге дейін) түрлі типті кабельдер көмегімен, желілік карта немесе желілік адаптер аталатын арнайы құрылғы арқылы жүзеге асады. Адаптер компьютердің аналық тақшасындағы кеңейту слотына қондырылады.

Компьютерлерді қосуға болатын көптеген әдістер бар. Компьютерлердің түрі көбейген сайын әдістері де көбеюде. Әр қосылу — деректер үшін жаңа маршрут.

Желі топологиясы — бұл оның геометриялық пішіні немесе компьютерлердің бір-біріне қатысты физикалық орналасуы. Желі топологиясы түрлі желілерді салыстыру және жіктеу әдісін береді.

Қазіргі уақытта компьютерді қолданудың ең маңызды аясы көптеген қолданушылар үшін бірыңғай ақпараттық кеңістікті қамтамасыз ететін желілерді құру болып табылады. Желілік топологияның келесі түрлері белгілі:

Физикалық – желі түйіндерінің нақты орналасуы мен байланысуын сипаттайды;

Логикалық – физикалық топология аясындағы сигналдардың жүрісін сипаттайды;

Ақпараттық – желі бойынша жіберілген ақпарат ағынының бағытын сипаттайды;

Алмасуды басқару – желінің пайдалануы үшін құқықты жіберу принципі.

Жергілікті желіде барлық компьютерлер байланыс линиясы арқылы байланысқан. Желінің түйіндеріне сәйкес және желіге түйіндердің қосылуына байланысты байланыс линиясының геометриялық орналасуы физикалық топология деп аталады. Топологияның түріне байланысты желілерді: шиналық, сақина, жұлдызша, иерархиялық және өздігінше құрылымды болып жіктеледі.

Физикалық және логикалық топологиялардың түрлері кездеседі. Желінің логикалық және физикалық топологиялары бір – біріне тәуелсіз. Физикалық топология – желінің геометриялық құрылуы, ал логикалық топология желі түйіндеріне жіберілетін мәліметтер ағынының бағытын анықтайды және мәліметтерді жіберудің әдісін анықтайды.

Қазіргі таңда жергілікті желіде келесі физикалық топологиялар кездеседі:

- Физикалық «шина» (bus);
- Физикалық «жұлдызша» (star);
- Физикалық сақина (ring);
- Физикалық «жұлдызша» және логикалық «сақина» (Token Ring).

1.1.2.1 «Шина» технологиясы

Шина топологиясындағы желілер мәліметтерді жіберу үшін сызықты моноканалды (коаксиальды кабельді) қолданады, олардың соңдарында аяқтаушы кедергілер орнатылады (терминаторлар). Әрбір компьютер коаксиальды кабельге T – разъемдары арқылы жалғанады (T - коннектор). Желінің түйіндерінен жіберілетін ақпарат шинаның екі жағынан да жіберіледі, соңғы терминаторларда көрініс табады. Осылайша, ақпарат барлық түйіндерге келіп түседі, бірақ тағайындалған түйінде ғана қабылданады. Физикалық шина топологиясындағы сигналдарды жіберу кең көлемді ақпарат тасымалдау болғандықтан, яғни сигналдар бір уақытта барлық бағыттарда таралатын болса, онда онда осы желінің логикалық топологиясы «логикалық шина» болып табылады.

"Шина" тәрізді топология (Топология типа "шина"; bus topology) — барлық тораптары жалпы бір сызықтық ақпараттық арнаға қосылған компьютер желісінің архитектурасы.

Мұнда жұмыс станциялары желі адаптерлері арқылы жалпы шинаға немесе магистральға (кабельге) қосылады. Дәл осы тәсілмен магистральға басқа да желілік құрылғылар қосыла береді. Желінің жұмыс жасау процесінде тасымалданатын ақпарат жөнелтуші станциядан жұмыс станцияларының барлық адаптерлеріне жеткізіледі, бірақ оны тек адресіте көрсетілген жұмыс станциясы қабылдайды.



1.1 – сурет. Шина технологиясы

Берілген топология Ethernet (10Base-5 және 10Base-2 кластары сәйкесінше, жуан және жіңішке коаксиальды кабель үшін) архитектурасы бар локальды желілерде қолданылады.

Шиналық топология желісінің артықшылықтары:

- Түйіндердің біреуінің жұмыс жасамауы бүкіл жүйенің жұмысына әсер етпейді;
- Желіні оңай орнатуға және конфигурациялауға болады;

- Жеке түйіндердің бұзылуларына тұрақты.

Шиналық топология желісінің кемшіліктері:

- Кабельдің үзілуі бүкіл жүйенің жұмысына әсер етеді;

- Кабель ұзындығының және жұмыс станция санының шектілігі.

1.1.2.2 «Жұлдызша» технологиясы

“Жұлдызша” типті топология негізінде құрылған желіде, әрбір жұмыс станциясы концентраторға немесе хабқа (hub) есулі қос өткізгіш кабелі арқылы байланысады. Концентратор ДК параллельді байланысуын қамтамасыз етеді және осылайша, желіге қосылған барлық компьютерлер бір – бірімен байланыса алады.

Мұнда ортақтандырылған коммутациялық түйін – желілік сервер болуы тиіс, ол барлық мәліметтерді жеткізуді жүзеге асырады. Бұл топологияның ерекшелігі – кез келген бір жұмыс станциясының істен шығуы жалпы байланысқа әсер етпейді.



1.2- сурет. «Жұлдызша» технологиясы

Жіберетін станциядан жіберілге ақпарат хаб арқылы байланыс линиясының барлық ДК – не жіберіледі. Ақпарат барлық жұмыс станциясына келіп түседі, бірақ ол арналған ғана станция тарапынан қабылданады. Физикалық жұлдызша топологияда сигналдарды жіберу кең көлемді болғандықтан, яғни ДК-ден шыққан сигналдар біруақытта барлық бағыттар бойынша таралатын болса, онда берілген локальды желінің логикалық топологиясы логикалық шина болып табылады.

Жоғарыда айтылған топология 10Base-T Ethernet архитектуралы локальды желілерде қолданылады.

Жұлдызша топологиялы желілердің артықшылықтары:

- Жаңа ДК – ді оңай қосуға болады;
- Орталықтандырылған басқарудың мүмкіндігі бар;
- Жеке ДК – дің бұзылуларына және жеке ДК – дің байланыстарының үзілулеріне тұрақты болып келеді.

Жұлдызша топологиялы желілердің кемшіліктері:

- Хабтың жұмысының тоқтауы бүкіл желінің жұмысына әсер етеді;
- Кабельдің үлкен көлемді шығыны.

Әдетте жұлдызша активті және пассивті болып бөлінеді.

Активті жұлдызша – желінің ортасында компьютер орналасады, сервер қызметін атқарады.

Пассивті жұлдызша – желінің ортасында компьютер емес, концентратор немесе хаб (hub) орналасады, ол репитердікі сияқты қызмет атқарады. Желіге келіп түскен сигналдарды жаңартады және келесі байланыс линиясына жібереді.

Қолданылуы: кең таралған топологияның бірі болып табылады, қызмет көрсетуі өте қарапайым болып келеді. Виттік жұптар (витая пара) тасымалдағыштар болып табылатын желілерде қолданылады. UTP 3 немесе 5 категорияларында.

1.1.2.3 «Сақина» технологиясы

Сақина – бұл топология бойынша, әрбір компьютер байланыс линиясы арқылы тек екі компьютермен байланыса алады: біреуінен ол тек ақпараттарды

қабылдайды, ал екінші біреуіне тек мәліметтерді жібере алады. Әрбір байланыс линиясында, «жұлдызшадағы» секілді, бір ғана жіберуші және бір қабылдаушы болады. Бұл сыртқы терминаторларды қолданудан бас тартуға әкеліп соғады.

- "Сақина" тәрізді топология (Топология типа "сақина"; ring topology) — өр торап басқа екі тораппен қосылған және барлық тораптар бірге сақина құрайтын желі топологиясы.

«Сақина» топологиялы желілерде барлық түйіндер байланыс каналдары арқылы үзілмейтін жүзікке байланысқан (дөңлелек болуы шарт емес), олардан ақпарат жіберіледі. Бір ДК – дің шығысы келесі ДК – дің кірісімен байланысады. Бір нүктеден жылжуды бастағаннан кейін, мәліметтер, ең соңында оның бастамасына келіп түседі. Жүзіктегі мәліметтер әрқашанда бір бағытта бағытталады.



1.3 – сурет. «Сақина» технологиясы

Қабылдаушы жұмыс станциясы өздеріне қарай бағытталған хабарламаны ғана таниды және қабылдайды. Берілген желінің логикалық топологиясы – логикалық жүзік болып табылады.

Берілген желінің артықшылығы:

- Орнатылуының жеңілдігі;
- Қосымша құрылғыларды дерлік қолданылмайды;
- Желіні жүктегеннен бастап жұмыстың тұрақты жылдамдығын төмендетпей жүргізілуі, маркерді қолдану қоллизияның пайда болмауын қадағалайды.

Кемшіліктері:

- Саптан бір жұмыс станциясының шығуы және басқа да келеңсіздіктер (кабельдің үзілуі), бүкіл желінің жұмыс қабілетіне әсер етеді.
- Қалыпқа келтірілуінің және конфигурациясының қиындығы;

- Келеңсіздікті табудың қиындығы.

Қолданылуы: опто – волоконды желілерде кеңінен қолданыс тапқан. FDDI, Token ring стандарттарында қолданылады.


Ереже бойынша, «Сақина» топологиясы өзінің сенімсіздігіне байланысты қолданылмайды, сондықтан да, тәжірибе жүзінде сақиналық топологияның модификациялары қолданылады.

1.1.2.4 Token Ring технологиясы

Бұл топология «жұлдызша типті байланысқан физикалық жұлдызша» топологиясына негізделген. Берілген топологияда барлық жұмыс станциясы орталық концентраторға (Token Ring) қосылған, физикалық жұлдыз топологиясы сияқты. Орталық концентратор – интеллектуалды құрылғы, бұл бір станцияның шығысын келесі станцияның кірісімен тізбектей қосуға мүмкіндік береді.

Басқаша айтқанда, концентратордың көмегімен әр станция екі басқа станциямен ғана байланыса алады (алдыңғы және келесісімен). Концентратор алғашқы және резервті жүзікті құрады. Егер негізгі жүзікте үзіліс болатын болса, онда оны төртсымды кабельді қолданатын резервті жүзңк көмегімен ексермеуге болады. Станцияның жұмыстан шығуы немесе жұмыс станциясының байланыс линиясының жұмыстан шығуы жүзік топологиясындағы секілді желінің істен шығуына соқтырмайды, себебі, концентратор жұмыс жасамайтын станцияны сөндіріп қояды және мәліметтер жіберілетін жүзікті тұйықтап қояды.

Token Ring «жұлдызша» топологиясы бойынша «көп пайдаланушы кіруге болатын станция» аталатын IBM арнайы құрылысымен (Multi-station Access Unit, MAU) орталық хаб ретінде жұмыс істейді. Бірақ онымен байланысу үшін әр компьютердің екі кабелі бар, біреуі бойынша ол деректерді жібереді, басқасы бойынша қабылдайды. Деректерді беру жылдамдығымен, оның құнына сәйкес өзгешеленетін деректерді берудің түрлі технологиялары (тәсілдері) бар. Ең танымалдары: Ethernet, ARCNET және IBM token ring.



1.4 – сурет. Token Ring технологиясы

Token Ring архитектурасында маркер түйіннен түйінге орталық концентратор құрған логикалық жүзік арқылы тасымалданады. Осындай маркерлік тасымалдау қорғалған бағыттарда ғана жүзеге асырылады. Маркері бар станция мәліметтерді басқа станцияға жібере алады.

Мәліметтерді жіберу үшін станциялар алдымен бос маркердің келіп түсуін күтіп тұру керек. Маркерде жіберетін станцияның адресі, сонымен қатар, тағайындалған станцияның адресі де болады. Осыдан кейін жіберуші желі бойынша маркерді келесі станцияға жібереді, ол да өз мәліметтерін қосып жіберуі үшін.

Желінің түйіндерінің бірі (әдетте ол үшін файл – сервер қолданылады) желіге жіберілетін маркерді құрады. Бұл түйін активті монитор қасиетіне ие болады, ол маркерге зиян келмеуін және маркердің жоғалып кетпеуін қадағалап отырады.

Token Ring топологиялы желінің артықшылықтары:

- Топология барлық жұмыс станцияларына тең дәрежеде қатынас жасауды ұйымдастырады;
- Жоғары сенімділік, жеке станциялардың келеңсіздіктеріне және жеке станциялардың байланысының үзілуіне тұрақты болып келеді.

Token Ring топологиясының кемшіліктері: кабельдің үлкен көлемді шығыны және сәйкесінше, байланыс линиясын қымбат бағада орнатады.

1.2 Құрылымдық кабельдік жүйе (ҚКЖ)

1.2.1 Құрылымдық кабельдік жүйе ұғымы


1. Құрылымдық кабельдік жүйе (ҚКЖ) кабельдік жүйе деп аталады.
2. Құрылыммен топологиялары стандартталған,
3. Стандартталған элементтерді қолдану (кабельдер, алмалы-салмалылар, коммутациялық құрылымдар және т.б.),
4. Стандартталған параметрлерді қамтамасыздандыру (мәліметтердің жіберу жылдамдығы, сөнуі және т.б.),
5. Басқару (администрациялау) стандартталған бейнесімен.

Бұл жерде «Стандарттау» термині «бірдей» деген мағынада түсіндіріледі. ҚКЖ бірдей ережеде анықталады сәйкесінше ақпараттық технологиялар ұлттық және халықаралық стандарттар облылысында.

1.2.2 Есулі қос өткізгішті кабельдер

Есулі қос өткізгіш (Twisted Pair) – қабығында бір немесе бірнеше сымдар жұбын біріктіретін мыстық негіздегі кабель. Әрбір жұп изоляцияланған мыс сыммен өздерін айналдыра орағанды білдіреді. Бұл түрдегі кабельдер жеке түрде сапасы және ақпаратты жіберу мүмкіндігіне байланысты ерекшеленеді. Кабельдің анықталған класы немесе категориясына (санатына) сәйкес қасиеттерді жалпы қабылданған стандарттар (ISO 11801 және ТІА-568) анықтайды. Қасиеттердің өзі тікелей кабель құрылымына және кабельде сигналды жіберген уақыттағы физикалық үрдістерді анықтайтын онда қолданылатын материалдарға байланысты.

«Есулі қос өткізгіш» (TP, Twisted Pair) түрдегі кабельдің екі түрі болады: экрандалған есулі қос өткізгіш (STP, Shielded Twisted Pair) және экрандалмаған есулі қос өткізгіш (UTP, Unshielded Twisted Pair). Сондай-ақ, бір жильдік және көп жильдік есулі қос өткізгішке, сондай-ақ, ішкі төсенішке арналған есулі қос өткізгішке бөлінеді.



1.5-сурет. Есулі қос өткізгіш кабельдері

Экрандалмаған есулі қос өткізгіш (Unshielded Twisted Pair) 1,2,3,4,5,5e,6,7 категорияларына (санаттарына) бөлінеді. Қазіргі таңда кең тараған санаттары 10,100 и 1000 Мб/с жылдамдықпен мәліметті жіберетін 5 және 5е санаттары. Кабельдер 4-жұпты орындауда шығарылады. Барлық жұптардың анықталған түсі және айналу қадамы болады. Әдетте екі жұбы мәліметтерді жіберуге, қалған екеуі дауысты жіберуге арналған. Кабельді құрылғымен байланыстыру үшін вилкалар және RJ-45 розеткалары қолданылады. Кабельдің диаметрі: 22 AWG, 24 AWG, 26 AWG. Нөмірі үлкен болған сайын оның диаметрі аз болады.

Экрандалған есулі қос өткізгіш (Shielded Twisted Pair) 5,5e,6,7 санаттарына бөлінеді. Бұл кабельдердің негізгі тағайындалуы – өте жоғары жылдамдықты хаттамаларды қолдау. Экрандалған есулі қос өткізгіш жіберілетін сигналдарды ішкі бөгеттерден жақсы қорғайды және тек мәліметтерді жіберу үшін ғана қолданылады.

Есулі қос өткізгіш артықшылықтары мен кемшіліктері:

Артықшылықтары: Қарпайым орнатылуы, тұрақтылығы және жоғары өнімділігі.

Кемшіліктері: Шектелген ұзындық, әлсіз бөгетке қарсы тұруы (күштік трансформаторлар, жіберілетін құрылғылар, күндізгі жарық лампалары).

1.1-кесте

Ethernet және Fast Ethernet желілері үшін физикалық деңгейдің параметрлері

	10Base-2	10Base-T	100Base-TX
Сым(кабель)	RG-58 жіңішке коаксиалды кабель	3 және 5 санатты экрандалмаған есулі қос өткізгіш	5е санатты экрандалмаған есулі қос өткізгіш

Сегменттің максималды ұзындығы, м	185	100	100
Желі түйіндері арасындағы максималды қашықтық (қайталағыштарды қолданған жағдайда), м	925	500	200
Сегменттегі станциялардың максималды саны	30	1024	1024

Сигналдың өшуі – көздің импеданстары мен кабельдің импеданс артық жүк қасиеттері сәйкес келгендегі кіріс сигналы қуатының шығыс сигналы қуатына децибелда (дБ) берілген қатысы. Кіріс қуатының мәні артық жүкті көзге сигналдың кабельсіз өту арқылы қосылғанында қуатты өлшеу жолымен алынады. Кейбір жағдайларда, мысалы терминалдау орындарында импеданстар бір-біріне жақсы сәйкес келмейді, ішкі қуаттың шығыс қуатына қатысы енгізілген шығын немесе енгізілген өшу атын алып жүреді.

Ethernet аппаратурасы көбіне кабельден, разъемдардан, T-коннекторларынан, терминаторлардан және тораптық адаптерлерден тұрады.

Кері шығындар (көрсетілгендегі шығын). Кабельдің импедансы мен артық жүк сәйкес келмеген жағдайда, кабельде өтетін сигнал біртіндеп кабель-артық жүк интерфейсі нүктесінде көрінетін болады.

Көрінген сигналдың қуаты көрінгендегі шығын немесе кері шығын атына ие. Импеданстардың үйлесімділігі жақсы болған сайын, көрестілетін қуат та аз және сәйкесінше кері шығындар да төмен болады.

Сигналды жіберудегі уақытша кешігу. Кіріс нүктесінен шығыс нүктесіне жіберілетін сигнал уақытша кешігумен келеді, оның шамасы кабель ұзындығының жіберу ортасындағы V жіберу сигналы жылдамдығы қатысымен анықталады. Вакуумда екі сымнан тұратын жіберу линиясы (сызығы) жақсы болғанда, сигналды жіберу жылдамдығы вакуумда жарық жіберу жылдамдығы с-ға тең. Іс жүзінде кабельде сигналды жіберу

жылдамдығы сымдарды қоршап тұрған диэлектрик материалдардың қасиеттеріне тең.

1.2.3 Оптикалық-талшықты кабельдер

Оптикалық-талшықты кабель – жарық түрінде мәліметтерді жіберуге арналған бір немесе бірнеше оптикалық талшықтан тұратын кабель. Құрылымдық орындалуына байланысты оптикалық-талшықты кабельдер ішкі және сыртқы прокладка кабельдері, сондай-ақ, шнурларға арналған кабельдер болып бөлінеді.

Оптикалық-талшықты коммуникациялар металлдық негізде жіберілетін ортада қолданылатын электронды жүйелермен салыстырғанда артықшылықтары бар. Оптикалық-талшықты жүйелерде жіберілетін сигналдар ішкі электронды, магнитті немесе радиожиілікті бөгеттерден қысылмайды. Осылайша, оптикалық кабельдер дауылдар мен жоғары кернеулік көздерден келетін бөгеттерге толығымен төтеп бере алады.

Бірдей өткізу қабілеті бар қарапайым коаксиалды кабельмен салыстырғанда диаметрі аз және оптикалық-талшықты кабельдердің салмағы аз, әсіресе, толтырылған трассаларда. 300 метрлік оптикалық-талшықты кабельдердің салмағы 2,5 кг-ды құрайды. Ал 300 метрлік коаксиалды кабельдің салмағы 32 кг, яғни 13 есе артық.

Коаксиалды кабельде жиілік көп болған сайын қашықтықтың көбеюімен сигналдың амплитудасы азаяды және бұл өшу деп аталады. Оптикалық талшық үшін жиілік жұмыс жиілігі диапазоны шегіне жеткенше тұрақты. Осылайша, оптикалық шығындар тек қашықтыққа пропорционалды. Мұндай талшықтағы өшу химиялық лақтау мен талшық материалының молекулалық құрылымына байланысты. Бұл микрообъектілер оптикалық сәулені жұтады, ол ядроға түспейді және жоғалады. Талшықта өшу өндірушімен анықталған толқын ұзындығымен спецификациалнады: мысалы, 850 нм толқын ұзындығы үшін 3 дБ/км. Бұл талшықтың шығыны толқын ұзындығы өзгерісімен өлшенетін болғандықтан жасалады.

Микроизгибтардағы шығындар. Оптикалық талшық арнайы қорғансыз микроизгибтар әсерінен оптикалық қуат шығынына алып келеді. Микроизгибтар – ішкі күштермен шақырылатын микроскоптық талшықтың

қысылуы, олар ядродан оптикалық қуаттың шығынына алып келеді. Микроизгибтардың пайда болуын жою үшін талшықты қорғаудың түрлі әдістері қолданылады. Градиентті көрсеткіші бар талшыққа қарағанда деңгейлік көрсеткіші бар талшық микроизгибтар шығынына тұрақты.

Өткізу жолағы (спектр ұзындығы) – бұл бірлік уақыт ішінде ақпараттың белгілі-бір бөлігін жіберетін талшық мүмкіндігінің өлшемі. Жолақ үлкен болған сайын талшықтың ақпараттық көлемі жоғары. Жолақтар МГц-км-мен беріледі.

Оптикалық талшықтар толқынның әр түрлі ұзындықтары ортада әр түрлі жылдамдықпен таралғанда туындайтын тағы да бір дисперсияның әр түрлілігіне ие. Мұндай “спектральды дисперсияны” ақ түс шыны призма арқылы өтетін кемпіркөсақтың жеті түсіне бөлінгенін бақылауға болады. Әр түрлі түстерді беретін толқындар ортада әр түрлі жылдамдықпен қозғалады, ол жарықты жіберу траекториясының ір түрлілігіне алып келеді. Егер де талшықтың жүйенің оптикалық көзі бір жиіліктің жарығын шығарса, спектральды дисперсия немесе материалды дисперсия (немесе хроматтық дисперсия, оны осылай жиі атайды) жоқ болған еді. Шындығында, жарықтың абсолютті монохроматтық көздері болмайды. Лазерлер шағылатын жарықтың анықталған, аз болса да спектрдің кеңейтілуіне ие. Өзінің аз шығыны мен жоғары өткізу қабілетіне байланысты бірмодальдық талшықтар, ереже бойынша ең жақсы болып табылады және ереже бойынша қалааралық телекоммуникациялық жүйелердің жоғары жылдамдықты сызықтарды монтаждауды жалғыз таңдауы болып табылады.

1.2.4 Сымсыз желілер

Сымсыз компьютерлік желілер – бұл кабельді қолданусыз толығымен қарапайым сымды желілер (мысалы, Ethernet) стандартына сәйкес келетін есептеу желілерін құруға мүмкіндік беретін технология. Мұндай желілерде ақпаратты тасушы ретінде СВЧ – диапазонды радиотолқындар қолданылады.

Сымсыз желілер кабельде орнату қиын немесе мүмкін емес жерлерде қолданылады. “RadioEthernet” стандартына сәйкес желі мәліметтерді жіберу ортасына коллизиянды механизмдік рұқсаты бар Ethernet қарапайым кабельдік желісіне ұқсас. Айырмашылығы тек орта мінездемесіне

байланысты. Radio Ethernet толығымен ғимарат ішінде мәліметтерді сымсыз жіберудің барлық қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Radio Ethernet-ті сыртта қолданғанда кабель орнына «соңғы миля» желісін пайдалану ыңғайлы, яғни – абонент пен желідегі жақын түйін арасын байланыстыру үшін. Бұл жағдайда «соңғы миля» бірнеше жүз метрден 20-30 км-ге дейін болуы мүмкін, және тек тікелей көрінумен шектелуі мүмкін.

1.2.5 Горизонтальды кабельдік жүйе


Горизонтальды кабельдік жүйе (ГКЖ) жұмыс орнындағы телекоммуникационды розеткадан басталады және телекоммуникационды шкафтағы горизонтальды кросспен аяқталады. Ол өзіне келесілерді қосады: розетка, горизонтальды кабель, горизонтальды кросты көрсететін терминалдау нүктелері және пэтч-кордтар.

Горизонтальды кабельдік жүйе “жұлдыз” топологиялық конфигурациясына ие болуы қажет. Әрбір жұмыс орны телекоммуникационды шкафтағы (ТС) горизонтальды кросспен (НС) байланысқан. Кез-келген горизонтальды кабельдік сегменттің максимальды жақындығы қолданылатын жіберетін орта түріне тәуелсіз 90 м-ден аспауы қажет.

Горизонтальды кабельдер саны бойынша ғимараттағы телекоммуникационды инфра құрылымындағы кабель сегментінің бүкіл көлемінде бірінші орынды алады.

Кабельдің қолданылатын түрі телекоммуникационды желі дамуында бірден көп жоспарланған периодта қызмет етуі керек. Горизонтальды жүйе астында 586 стандартпен жіберу ортасының келесі түрлерін қолдану рұқсат етілген:

- UTP кабелі 4 жұптық, 100 Ом
- Көп модалық оптикалық талшық 62,5/125 мкм
- STP-A кабелі 2 жұп, 150 Ом
- Коаксиальды кабель 50 Ом



1.6-сурет. Горизонтальды кабель жүйесінің мысалы

50 Ом-дық коаксиалды кабель '568 стандартымен жіберілетін орта ретінде мойындалады, бірақ жаңа жүйелер үшін кепіл жасалмайды. Қосымша коаксиалды розеткаларды монтаждау рұқсат етілген. Мұндай розеткалар қосымша болып табылады және стандарт қажет ететін минимальды алмастыра алмайды.

Спецификалық қосымшаларды (мысалы, адаптерлер мен конверторлардың барлық мүмкін типтері) қолдауға арналған компоненттер горизонтальды кабельдік жүйенің элементі ретінде қолданыла алмайды. Қажет болған жағдайда олар телекоммуникационды розеткаға немесе горизонтальды кроссқа қатысты сыртта орналасу қажет. Бұл стандарттың қажет етуі өзінің мақсатымен кабельдік жүйенің максимальды универсалдығымен және нақты қосымшалар мен интерфейстерден тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

“Сымды” кабельді жүйелердің негізгі проблемалардың бірі олардың электромагнитті бөгеттерге қарсы тұра алмауында. Осы себепке байланысты '568 стандарты кабельдік жүйелерді жобалағанда бөгеттің потенциалды көздерін ескеруді жазады. Кабельдік инфрақұрылым мен бөгет көздері бөлімдері жайлы нақты спецификациялар ANSI/EIA/TIA-569 стандартында анықталған.

Ашық кеңсе кеңістіктерін кабельдеген кезде жиі қатты 4-жұпты кабель қолданылады. Мұндай кабель мен горизонтты кросстан келетін домалақ анықтайтын кабельдің байланысу орны “ауысу нүкесі” деген атқа ие (TP - Transition Point).

Жұмыс орындарын кабельдеген жағдайда '568 стандарты соңғы тұтынушыны минимальды универсалды сервиспен қамтамасыз ету үшін ең аз дегенде әр жеке жұмыс орнында екі телекоммуникационды розеткалар орнату керектігін айтады. Екі розетканың бірі стандарттың талабы бойынша 4-жұпты 100 Ом-дық UTP кабелімен (3 санат және жоғары), ал екіншісі 4-жұпты 100 Ом-дық UTP кабелімен (5-санатты қолдану ұсынылады) немесе 2-жұпты 150 Ом-дық STP-A кабелмен немесе көп модалық оптикалық-талшықты 62,5/125 мкм кабельмен бірдей болуы қажет. Егер горизонтальды кабельдік жүйеде жерге орналасатын телекоммуникациялық жүйемен байланысуды қажет ететін экрандалған компоненттер қолданылуы үшін стандарт бұл жерге орналасу жүйесінің сәйкес құрылыс нормативтеріне, сондай-ақ, ANSI/TIA/EIA-607 стандартына сәйкес келуін талап етеді.

1.3 Коммутациондық құралдар

1.3.1 Телекоммуникационды шкаф

Жалпы жағдайда телекоммуникационды шкафтар горизонтальды анықталған жүйелерге қызмет жасауы үшін тағайындалған құрылғылар ретінде қарастырылады. Бұл негізгі функциядан басқа олар қосымша жұмыстарды да орындай алады, мысалы оларға аралық және басты кросстардың орналасуы жатады. Төменде телекоммуникационды шкафтарды кабельдеуге қатысты кейбір спецификациялар келтірілген.



1.6-сурет. Телекоммуникационды шкаф

Кабельдік жүйеге штатты өзгерістер енгізу үшін перетерминді горизонтальды кабельдерді қолдану рұқсат етілмейді. Бұл мақсаттар үшін кроссталған ұстатқыштарды және пэтч-кордтарды қолдану ұсынылады.

Спецификалық қосымшаларды (мысалы, әр түрлі адаптерлер) қолдауға арналған құрылғылар горизонтальды кабельдік жүйенің бөлігі бола алады және горизонтальды кроссқа қатысты сыртында орнатылуы қажет. Кабельдердің қатты оралуынан және созылатын күштеу деформациялауынна құтылу үшін кабельдік ағымды маршрутизациялауға арналған құрылғыны қолдану ұсынылады.

Активті құрылғыға қосылу үшін қолданылатын кабельдер мен шнурлар стандартта кабельдік жүйе ретінде қарастырылмайды. Сызықтардың соңындағы барлық пэтч-кордтар мен аппараттық шнурлардың рұқсат етілген максимальды суммарлық ұзындығы – 10 м.

Тек стандартқа сәйкес келетін құралды қолдану рұқсат етіледі. Телекоммуникациялық шкафтар ANSI/EIA/TIA-569 стандартына сәйкес жобалануы және құралдануы қажет.

Телекоммуникациялық шкафаға активті құралды қосу байланыстың екі түрі арқылы – «аралас байланыс» және «кросс-байланыс» көмегімен жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

Кросс-байланыс – кабельдік жүйе астын өзара коммутациялауға және активті құралды көп портты коннекторлармен қосу үшін қолданылады. Көп портты коннекторлар деп солардың көмегімен бір уақытта бірден көп (бірнеше) адрестік телекоммуникациялық портқа қосылу жүзеге асырылатын құрастырғыштар, түйіндер аталады. Көп портты коннектордың қарапайым мысалы болып телефонияда кеңселік АТС немесе РВХ қосу үшін кең қолданыс тапқан, сондай-ақ, кей жағдайда активті желілік құралды қосу үшін қолданылатын Telco-коннектор ("телефондық мекеменің" коннекторы, Telephone Company connector) - 25-жұпты коннектор болып табылады. Кросс әдісі – төменде жазылып кеткен өзара байланыс әдісінен айырмашылығы кабельдік жүйені барлық жағдайда да жұмсақ қайта конфигурациялауға рұқсат береді, бірақ соның өзінде ол кросста ең аз дегенде коммутациялық құралдың екі бірлігін талап етеді, осының әсерінен жүйенің бағасы қымбаттайды. Егер "кросс" (cross - connect) түсінігі кабельдерді терминалдауды жүзеге асыру үшін және олардың пэтч-кордтар, кроссталған ұстатқыштар немесе активті құрал кабелі көмегімен аралас байланыс немесе кросс-байланыс (немесе екеуі де) құралдарын анықтау үшін қолданылса, онда «кросс-байланыс» (cross - connection) түсінігі нақты конфигурацияға жатады, онда кабельдер, пэтч-кордтар және ұстатқыштар горизонтальды және магистральды кабельдік жүйелерді және телекоммуникациялық орындарға қызмет көрсететін жеке бөлінген өрістерді коммутациялау үшін қолданылады.

Аралас байланыс – активті құралды бір портты коннектормен қосу үшін ғана қолдану үшін рұқсат етіледі. Көп портты коннекторларға қарама-қайшы бір портты коннекторлар екі адрестік порт арасында ғана өзара коммутациялауды жүзеге асыруға рұқсат етеді. Аралас байланыс әдісі кабельдік жүйеге активті құралдың өзі коммутациялық кросстық құралдың, мысалы, пэтч-панельдің бірлігі болып табылатын бір портты (модульдік) коннектормен қосылуы жүзеге асқан жағдайда пайдалы, тиімді болып табылады. Бұл жағдайда адрестік порттарды шексіз қайта ауыстыруға мүмкіндігі мен конфигурациялық кросстан коммутациялық құралдың екінші бірлігінің шығару есебінен қосылудың шығыны аздау мүмкіндігі туады.

1.3.2 Коммутациялық блоктар

Телекоммуникациялық шкафтарда және жұмыс орындарында кабельдер мен сымдарды терминалдаудың негізгі компоненті болып коммутациялық (терминалдық) блок болып табылады. Коммутациялық блоктардың түрлі формалары болуы мүмкін және өзінің даму жылдарында олар күрделі (жүйелік) компонентке айналды. Коммуникациялық блоктардың негізгі екі түрі бар – 66 типті блок пен 110 типті блок. Екі тип те қазіргі уақытта өндірістің көп көлемімен ұсынылады және терминалдық блоктардың көп нұсқалары розеткалардың коннекторы және пэтч-панельдер секілді компоненттерге интегралданған. Бұл екі тип орнатылған жүйелерде және жаңа дамып келе жатқан өтім нарықтарында доминалданады, сондықтан оларға бұйымдық көңіл аударылады. Оның үстіне бір өндірушімен ғана шығарылып және өте кең тармаған (BIX және KRONE) «жеке» терминалданған жүйелердің жұбы қарастырылған. Нарықта блоктың басқа да бірнеше типтерін табуға болады, бірақ типіне қарамастан олардың барлығы изоляциямен араласу – сым контактінің (әдетте арнайы терминалданатын құрал көмегімен) екі металл үсті арасымен соғысады және изоляция не жойылады, не кесіледі, не араласады жолымен контактіні құру әдісін қолданылады.

EIA/TIA-568-A стандарты коммутациялық блоктарды IDC контактісімен – «изоляциямен араласу контактісі» (IDC - Insulation Displacement Connection) типімен қодаунды жазады. 110 блогі, KRONE және BIX IDC контактілерін қолданады. 66-тип 5-категория (санат) талабына сәйкестігіне қарамастан контактінің ескірек типін, яғни изоляцияны бұзу технологиясын қолданады. Изоляциямен араласу (IDC) жолымен контактіні құру әдісі жалпы жағдайда басқа әдістермен салыстырғанда ең жылдам және сенімдірек әдіс болып табылады. IDC әдісінде изоляция жойылмайды, ал сымның өзі изоляцияны кесіп және мықты электрлік және механикалық байланыс құратын екі жақтық ішкі өткір жақтары бар терминалдайтын пышақпен соқтығысады. Сым екі металл контактілерінің арасында тығыз отырады және осылайша, байланысу орнының вакуумдық-тығыздық изоляциясы жүреді. IDC-дің көп жүйелері арнайы терминалдайтын құрадарды қолдануды қажет етеді. Вакуумдық-тығыз IDC-терминалдау жалаңаш мыс сым мен басқа материалдан жасалған (әдетте мырышпен қапталған) атмосфералық оттегі бар жерде байланысқанда резбальық контактілерді қолдаған жағдайда туындайтын биметаллдық коррозия ықтималдығын шығарады.

Барлық IDC-типтер қатыстық тұрақты байланыстарды қолдану үшін өңделген. Егер жүйеге өзгеріс енгізу қажет болса, онда сым алдын-ала өшірілуі қажет, коннектор металлдың және пластиктің барлық қалдықтарынан тазартылған, содан кейін сым кесіледі және қайта терминалданады.

1.4 Есептің қойылымы

Ұсынылып отырған дипломдық жұмыста Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министірлігінің әскери бригада бөлімшелеріне жергілікті желілер құрылуын қарастырамыз.

Дипломдық жұмыстың мақсаты:

- әскери бөлімшелерге жергілікті желі жүргізу үшін Microsoft Visio-да желінің жобасын сызу;
- желілік топология таңдау;
- телекоммуникациялық құрылғылар, желілік құрылғылар таңдау;
- сервер жүйесін таңдау;
- стандарттарды анықтау.

Жалпы айтқанда дипломдық жұмыста компьютерлік желі пәнінен алған білімді жетілдіру, соны іс жүзінде тексеру үшін алдыма қойған талаптарды орындауға тырыстым.

2 Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министірлігінің бригада бөлімшесіне желілер құру

Кез келген жергілікті есептеу желілерін жобалу кезінде келесі типті кезеңдерден тұрады:

- 1 Талдау талаптары;
- 2 Жабдықтарды таңдау;
- 3 Техникалық модельдерін құру;

2.1. Құрылымдық кабельдік жүйеге қойылатын талаптар

Құрылымдық кабельдік жүйе (ҚКЖ) дегеніміз – жалпы белгіленген талаптарға сай салынған бір үйде/үйлер кешенінде телекоммуникациялық белгілер беретін орта және кабель, коннекторлар, біріктіретін баусымдар, кросс-панельдер, ақпараттық розеткалар және басқа жабдық кіретін кешен.

Үлкен көлемді жедел жадыларды қабылдауы. Windows 2000 Professional және Windows 2000 Server 4 Гбайтқа дейінгі көлемдегі жедел жадылармен жұмыс істейді. Windows 2000 Advanced Server 8 Гбайт көлемдегі жедел жады арқылы жұмыс атқарады (Intel PAE- Physical Address Extention технологиясы арқылы). Windows 2000 Datacenter Server 64 Гбайт жедел жадымен жабдықталған компьютерлерде жұмыс істей алады (Intel PAE технологиясы арқылы).

Технология РАЕ бір компьютерде 64 Гбайттық жедел жады орнатуға болады, әр бір беті 4 Гбайт көлеммен жүзеге асырылады. Бұл бұрынғы Intel PSE36 драйверіне қарағанда әлде қайда көбірек.

Сенімділікпен операциялық жұмыс істеу қабілетін тексере отырып, Windows 2000 Professional жұмыс станцияларында операциялық жүйе ретінде таңдалған болатын. Бұл жүйе бірлесіп пайдаланушылар үшін жұмыс станцияларына өңделген. Ол желі клиенттерінің функциялық жұмыстарын орындауға және персоналды жұмыс станцияларын басқаруға негізделген.

Бұл ОЖ қауіпсіздік облысында Windows NT мүмкіндіктерін кеңейтеді, Windows 98-ден басқару жеңілдіктерін, көптеген құрылғылар мен PnP жүйесін қабылдаған. Windows 2000 Professional жүйесін кез-келген операциялық жүйе арқылы орнатуға болады. Windows NT Workstation 3.51-ден бастап Windows 98-ге дейін. Windows 2000 Professional ең төменгі жүйелік талаптары:

- Pentium-133МГц көлемнен төмен емес процессор сыяды- Windows 2000 Professional екі процессорға дейін қабылдайды.
- 64Мб ОЗУ – үлкен көлемдегі жады жүйенің тез жұмыс атқаруын жоғарылатады.
- 2Гб көлемнен төмен емес қатты диск - Windows 2000 Professional жүйесін орнату үшін сіздің қатты дискіңізде ең аз дегенде 650 Мб көлемі бос болуы керек.

3.2 Желілердің техникалық үлгілерін құру

ҚКЖ-ні бір қабатты ғимараттың бірінші қабатына орналастырады. Қабаттың ұзындығы 4 м қоршаулардың қалыңдығы 50 см. Ғимаратта әр түрлі типті коридорлық жоспардағы жұмыс бөлмелері салынған.

Бөлме қабырғалары әдеттегі кірпіштен дайындалған және сылақпен жабылған, қалыңдығы 1 см. Кабельдерді орнату үшін қандайда бір қосымша кабельдер еденде және қабырғада құрылыс жобасымен қарастырылмаған.


Құрастырылған ҚКЖ Телефондық жүйемен ЖЕЖ-дің функцияларымен қамтамасыз етіледі, яғни әрбір жұмыс орнында екі модульді ақпараттық розеткалар орнатылады. ҚКЖ-нің бір бөлшегі ретінде ішкі телефонизация желісі мен компьютерлік желі бірге жобаланады. Ақпараттық розеткалардан басқа жұмыс орнында екі күш беретін розеткалар орнатылады. Олар

кепілденген электр желілеріне қосылған. Бір күш беретін розетка тұрмыс электр желісіне қосылған. Күш беретін кабельдер мен күш беретін құрылғылардың салынуын арнайы ұжымдар іске асырады.

Бір қабатты ғимаратта орта есеппен алғанда 48 м^2 -тан 22 бөлме бар, яғни жалпы жұмыс көлемі 1056 м^2 -қа тең. Жалпы жұмыс орындарын бір жұмыс орнына 4,3 деп есептесек, 88 жұмыс орны табылады. Жоғарыда көрсетілгендей норма бойынша әр бір бөлмеде 11 розеттік блоктар орнатылады. Екі розеттік блок коридорда орнатылады және олар техникалық бөлмелер мен кейбір жұмыс орындарында қолданылады. Мысалы ұжым пайдалану үшін белсенді желі құрылғылары, яғни принтер, факс, күзет орындарының телефондары және сервер т.б. үшін қолданылады.

Горизонтальдық ішкі жүйе кабельдерін салу үшін коридорда аспалы төбенің ар жағында лотоктар роналастырылады. Лотоктын ара қашықтығы жоғарыдан төбеге дейін 25см-ге тең. Егер сервер қабаттық ғимараттың дәл ортасында болған жағдайда әр бір лотоктың жартысына кабельдер құрастырылады.

Жоба жұмысының талаптарына сәйкес жұмыс бөлмелеріндегі кабельдарды орнату декоративті қораптарда орндалады. Лотоктан қораптарға өту үшін жұмыс бөлмелерінің қабырғаларында тесіктер бұрғылайды, оларға құбырлар орналастырады.



3.1-сурет. Кабельдерді салу сұлбасы

Экрандалмаған 4 жұпты UTP категориясы 5е кабельдеріне негізделе горизонтальдық ішкі жүйесі салынады. Әр бір розеттік блокта екіден дайындалған.

Кедергісі - 9.38 Ом/100м, Көлемі - 4.59 нФ/100 м 1 кГц жиілігінде.

3.2-кесте

UTP

Жиілігі МГц	Сөнуі дБ/100м	NEXT, дБ	Импеданс, Ом
0.064	-	-	125+15
0.128	-	-	115+15
0.256	-	-	110+15
0.772	1.8	64	100+15
1.0	2.0	62	100+15

4.0	4.1	53	100+15
8.0	5.8	48	100+15
10.0	6.5	47	100+15
16.0	8.2	44	100+15
20.0	9.3	42	100+15
25.0	10.4	41	100+15
31.25	11.7	40	100+15
62.5	17.0	36	100+15
100	22.0	32	100+15

Жобада қолданылатын барлық кабельдік және кросстық құрылғылар 5е категориялы EIA/TIA-568А халықаралық стандартының сонымен қатар Underwriters Laboratories (UL) АҚШ стандарттарының талаптарына, яғни электр қауіпсіздігі мен техникалық сипаттарға сәйкестендірілген.

Кабельдің талап етілген орта ұзындығы (L_{cp}) эмпирлік формула арқылы есептеледі, шамамен есептегенде жұмыс орындарында қызмет көрсету ауданы біркелкі орналасқан:

$$L_{cp} = (L_{max} + L_{min}) / 2$$

L_{min} және L_{max} – кросстық құрылғылар орналасқан жерден ең жақын және ең алыс жұмыс орнына дейінгі кабель ұзындығы, барлық түсірулердің, көтерулердің, бұрылулар мен ғимарат ерекшелігін ескере отырып есептелген кабельді орнату. Жол ұзындықтарын анықтау үшін 10 % ұзындықта технологиялық запасты қосу керек, тағы X запасын, яғни кабельдерді бөліп тұру үшін, сондықтан L ұзындығы былай болады:


$$L = (1,1 * L_{cp} + X) * N,$$

N – розеткалар саны. Жобаланған ЖЕЖ-дегі ақпараттық розеткалардың модульдік саны телефондық желіні функциялау ЖЕЖ қосу үшін пайдаланылатын розеткалар санына сәйкес.

Басқару ішкі жүйесі коммутациялық сигналдарға арналған кросстық құрылғылардан тұрады, ло мыс кабельмен өткізіледі. Басқарудың ішкі жүйесі негізі коммутациялық сигналдарға арналған кросстық құрылғылардан тұрады.

Серверлік бөлмелерде таңдалған құрылғыларға байланысты екі жабылған 19 телекоммуникационды шкафтар орнатады, биіктігі 42U,осыған жатады:

- 18 патч-панель, 110 типті 24 портқа
- 18 горизонтальных кабельді органайзерлер биктігі 1U
- 12 вертикальді кабельді органайзерлер
- 1 маршрутизатор Cisco 2621
- 1 коммутатор Allied Telesyn AT-8024M
- 3 концентратор Allied Telesyn AT-3624TR
- 6 тіреуіш серверлер HP ProLiant DL380 G3
- 1 тіреуіш стример HP 1/8 DLT VS80 Tape Autoloader
- 2 ИБП APC Smart-UPS RM 2U




3.2-сурет. ЖЕЖ-лер топологиясы

Коммутациялық шкафтар патч-кордтар жинақталуы 0,5, 1 және 1,5м ұзындықта.

Сонымен қатар серверлік бөлмеде телекоммуникациондық шкафтардан басқа DEFINITY CSI телефон станциясы орнатылады, онда 1 блок сандық желі, яғни 24 портқа, 3 блок аналогтік желі 24 портқа және дауысты хабарламалары бар, ал оны ЖЕЖ-лер құрылғыларына қосу үшін TELCO разьемі орнатылған 25 жұпты кабельді монтажды шнур қолданамыз. Бұл шнурлардың ұзындығы сервердің ауданының габаритін және кросстын орналасу орнын ескерсек 5 м-ге тең.

Серверлік бөлмеде тиісті температураның сақталуын қадағалау үшін бөлмеде бір кондиционер Astro TGL 30 қуаттылығы 5.3кВт орналастырылады.

Ақпараттарды резервті көшіру операциясын жүргізу СА фирмасының өнімділігі ARCServer–ді қолданамыз. Резервтік көшіру келесі сұлбада көрсетілген:



Условные обозначения:

AS - ArcServe Advanced Server 2000
 DR - Disaster Recovery
 OFA- Backup Agent for Open Files
 EA - Backup Agent for Exchange Server
 SA - Backup Agent for SQL Server
 NA - Backup Agent for Windows NT/2000

3.3-сурет. Резервті көшіру сұлбасы

Құрылымды кабельдік жүйе барлық әр түрлі жүйелердің бірігуі және жекеленген желілер қабылданған принциптерді өзгертуін талап етеді.

Бұл дайындалған жоба тек қана жалпы кабельдік жүйелер ғана емес, сонымен қатар интеграцияланған жергілікті және телефондық желілері, оларды былай бөлуге болады:

Негізгі белсенді жабдықтау (маршрутизатор, коммутатор және концентраторлар).

Негізгі есептеуіш жабдықтау (қосымша жабдықтаулармен серверлер).

Шеттегі белсенді жабдықтау (персоналды компьютер, телефон аппараттары және т.б.).

Қызмет көрсету және жөндеу – техникалық персоналдар үшін негізгі мақсаты- әртүрлі ішкі жүйелердің бұзылуын реттейді. Бұл функциялар әдетте басқа міндеттермен бірлесіп, аврал жағдайында жөндеу жұмыстарын орындауды қиындатады. Инсталляция жағдайында құрылымды кабельдік жүйе барлық компоненттердің жоғары сапалығы мен кабельдік жүйелерді тестілеуден кейінгі инсталляциякбелдьдік апатқа әкелуін минимумға шығарады. ымдық кабельдік жүйе, тоқтаусыз электр жүйесі, жерге қону жүйесі).

3.3 Желілердің пайдалы өткізу қабілеттілігінің есебі

Пайдалы және толық өткізу қабілеттілігіне бөлуге болады Пайдалы өткізу қабілеттілігінің астында пайдалы пайдалы ақпараттарды жіберу жылдамдығы түсіндіріледі, толық жіберілетін ақпараттың көлеміне қарағанда кішілеу, сол сияқты жіберілетін кадр қызметтік ақпараттардан тұрады, дұрыс адресқа жеткізу кепілді.

Пайдалы өткізу қабілеттілігін теориялық тұрғыда есептейміз. Fast Ethernet коллизиясыз және желілік жабдықтауда сигнал тоқтаулары.

Пайдалы өткізу қабілеттілігіне қарағанда толық өткізу қабілеттігі кадрлық ұзындығына тәуелді. Қызметтік ақпараттар бөлігі бірдей кадрлардың жалпы өлшемі кіші болса “шығындары ” соғұрлым көбірек болады. Кадрларда қызметтік ақпарат Ethernet 18 байтты құрайды, ал кадрлар алаңы 46-дан 1500 байтқа дейін өзгереді. Кадырдың өлшемі $46+18=64$ байттан $1500+18=1518$ байтқа дейін өзгереді. Сондықтан кадрлар үшін пайдалы ақпараттың минималды ұзындығы $46/64\approx 0,72$ көрсетеді жалпы жіберу ақпараттары,ал максималды кадрлар ұзындығы $1500/1518\approx 0,99$ жалпы ақпараттарынан тұрады.

Желінің пайдалы өткізу қабілеттілігін есептеу үшін кадрларға максималды және минималды көлемде, кадрлардың әртүрлі жиілігі қажет.

Минималды мөлшерде кадрларды жіберу, 72 байт ұзындығы бар немесе 576 бит, уақыт қажет, 576 bt,ал егер кадр аралық интервал 96 bt аламызкадрлардың тергеуі 672 bt құрайды. 100 Мбит/с жіберу

жылдамдығында бұл мына уақытқа сәйкес келеді 6,72мкс. Сонда кадрларды тергеу жиілігі, кадрлардың саны желі арасында 1 секундта өтеді, $1/6,72 \text{ мкс} \approx 148810 \text{ кадр/с}$ құрайды.

Максималды мөлшерде кадрларды жіберу, ұзындығы 1526 байт немесе 12208 бит, тергеу дәрежесі, $12208 \text{ bt} + 96 \text{ bt} = 12304 \text{ bt}$, кадрлар жиілігі, жіберу жылдамдығы 100 Мбит/с $1/123,04 \text{ мкс} = 8127 \text{ кадр/с}$ құрайды.

Кадрларды тергеу жиілігі f және пайдалы ақпараттар өлшемі V_n байтпен, әрбір кадрдың көшіруімен, желінің пайдалы қабілеттілігін есептеу қиын емес:

$$P_n (\text{бит/с}) = V_n \cdot 8 \cdot f.$$

Кадрдың минималды ұзындығы (46 байт) теориялық пайдалы өткізу қабілеттілігі мынаған тең

$$P_{n1} = 148\,810 \text{ кадр/с} = 54,76 \text{ Мбит/с},$$

Максималды кадр өлшемі (1500 байт) желінің пайдалы өткізу қабілеттілігі

$$P_{n2} = 8127 \text{ кадр/с} = 97,52 \text{ Мбит/с}.$$

Осылай Fast Ethernet желісінде пайдалы өткізу қабілеттілігі ауысуы мүмкін кадрлардың жіберу мөлшеріне 54,76-дан 97,52 Мбит/с дейін тәуелді.

3.4 Желідегі ақпараттарды қорғау

Зерттеу және ақпаратқа көп санды оқиғаларды талдау және бекітілмеген рұқсаттарды көрсетеді, оларды кездейсоқ және қасақана бөлуге болады.

Ақпараттарды қорғау құралдарын құру үшін табиғатын анықтау керек, түрлерін және жолдарын және автоматтандырылған жүйеде жүзеге асырылады. Қойылған тапсырманы шешу әр алуандығы және жолдардың әсерлесуі қарапайым түрде, жүйе көптігіне сәйкес келер еді.

Жұмыстың тәжірибелігін зерттеу, даярлау, байқау және автоматтандырылған жүйелерді эксплуатацияға жіберулер барысында әр түрлі кездейсоқтықтар әсерлері болады. Осындай әсерлер себептері мыналар болу мүмкін:

- 1 Қабыл алмау
- 2 Сыртқы орта әсерінен байланыс сызықтарының бөгеті
- 3 Адам қателігі
- 4 Құрастырушының жүйелік және жүйетехникалық қателігі
- 5 Құрылымдық, алгоритмдік және бағдарламалық қателік
- 6 Апаттық жағдайда
- 7 Басқада әсерлерде

Қасақана адамдардың қорқытуларымен, өзінің молшылықсыз тіршілік жағдайымен, материалдық қызығушылығымен немесе көңіл көтеру үшін өзінің қабілетін көру хакерлар сияқты.

Біздің желіде қасақана немесе ішкі ақпараттарға талпынғандарға. Осы жағдайда қорғаныш өлшемдерін мұқият қарастыру керек.

Ақпараттарды қорғаудың негізгі бес құралдан қабылданған:


- Ақпараттық
- Бағдарламалық
- Криптографиялық
- Ұйымдық
- Заң шығарушылық

Windows 2000 Advanced Server қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары бар, операциялық жүйеде құрастырылған. Бұл жерде көптеген аспаптық құралдар желілік қызметімен немесе желілермен қолданылады. ОЖ серверді көруге рұқсат етеді, қандайда ресурстарды қолданады, қолданушыларды көруге, серверге қазіргі уақытта қосылғанда және көруге, файылдары ашық екенін, қауіпсіздік журналында мәліметтерді тексеруге, журналға жазылған оқиғаларды, көрсетулер, қателер болған жағдайда администраторларды ескерту.

Windows 2000 мәліметтерді шифрлау (криптография) құралдары бар ашық кілтімен (ассиметриялық шифрлау). Бұл интеграцияланған қызмет және аспаптық администрация жасауға арналған, қосымшаларды орындаумен

басқаруды ашық кілтпен алгоритмдік шифрлау қолданылады.

Ашық кілтпен шифрлаудәстүрлі шифрлау құпия кілтімен ерекшеленеді, шифрланған мәліметтерді бірі мен бірін ауыстырғанда жалпы құпия кілтті білу керек (шифрлаушы және шифр ашушы кілттер бір біріне келу керек) ашық шифрлауында шифрлаушы және шифр ашушы кілттері келмейді. Шифрланған ақпараттар бір жақты процесс болады ашық мәліметтер шифрлаушы кілт арқылы шифрланады, бірақ сол кілт арқылы қайта қабыл алуға болмайды. Ол үшін шифрлауды ашушы кілт керек, шифрлаушы кілтпен байланысы болу керек, бір біріне сәйкес болмайды. Шифрлау технологиясын болжағанда, әр қолданушы қарамағында жұп ашық кілттен (public key) және жеке (жабық private key) болады. Ашық кілт кең таралады, сіз басқа қолданушыларға шифрланған мәліметтер бере аласыз, тек өзіңізге белгілі кілтпен шифрлауды аша аласыз.



3.4-сурет. Ашық кілтпен шифрлау процедурасын орындау

Windows 2000 тағы бір мүмкіншілігі шифрланған файлдарды қорғайды және NTFS томдарындағы папкалар EFS (Encrypting File System) файлдық жүйеде шифрлау қолданылады. Windows 2000 жұмыс ортасында рұқсаттары бар томдарда істеуге болады. EFS файлдық шифрлау жүйесінде қолдана, файлдар мен папкалар жұп кілттермен шифрлайды. Кез келген қолданушы анықталған файлдарға рұқсат алу үшін, жеке кілті болуы керек, сонын

арқасында шифрланған файлдар ашылады.

Жоғарыда айтылғандай бағдарламаның қауіпсіздік құралдары мен аудиті Windows 2000 қауіпсіздік дәрежесін ішкі желіде қамтамасыз етеді, техникалық және экономикалық экономикалық жағынан шешім үйлесімді.

Біздің жобада желілерді қорғауды қамтамасыз ету кешенді желі аралық экран аппаратын қолданамыз (IOS Firewall Feature Set) Cisco 2621 базасында DES стандартын қолданамыз.

DES (Data Encrypting Standard) шифрлау стандарты, ANSI шифрлау алгоритмі дейді DEA (Data Encrypting Algorithm), ISO – DEA-1, 20 жыл әлемдік стандарты болды.

4 Еңбекті қорғау және тіршілік ету қауіпсіздігі

4.1 Дербес компьютер операторының жұмыс орнындағы негізгі қауіпті факторларды талдау

4.1.1 Автоматтандырылған құжат айналымы жүйесінің жалпы сипаттамасы

Жергілікті есептеуіш желінің жасақталған жобасында адам денсаулығы үшін қатерлі жағдайлар аз емес. Сондықтан еңбекті қорғау шарттары мен ережелерін сақтаған жөн.

Жобаның құрал-жабдық құрамына жататындар:

- үздіксіз қоректендіру көздері (ҮҚК);
- белсенді коммутациялық құрал-жабдықтар;
- Оптикалық талшықты трансиверлер мен конвертерлер.

ҮҚК жүйесі мен белсенді құрал-жабдықты қоректендіру күші 220 В болуы керек.

Адам ағзасына олардың тигізетін әсері төмендегідей болуы мүмкін:

- лазер мен оптикалық талшық сәулелеріне күйе;
- электр тогына соғылу.

Автоматтандырылған құжат айналымы жүйесімен жұмыс міндетті түрде компьютерде жүретіндіктен жүйе пайдаланушысы өзінің денсаулығына

кері әсер ететін бірталай факторлармен бетпе-бет кездеседі. Бұл бөлімде ақпараттық жүйемен жұмыс барысында еңбек шартын қауіпсіз ету шаралары қарастырылады.



4.1 сурет. Автоматтандырылған жүйемен жұмыс істеуге арналған дербес компьютер

Дербес компьютер (ДК) қазіргі қоғамның өміріне пайдасы тиетін шексіз функцияларға толы. Дегенмен, электронды-есептеуіш машинаның негативті факторлары әлі де жойылған жоқ.


Дербес компьютерден және кеңселік перифериялық қондырғылардан келетін негативті факторларға келесілер жатады:

- электромагниттік өрістің жоғары деңгейі;
- акустикалық шу;
- ауадағы қауіпті бөлшектердің концентрациясы;
- жұмсақ рентгендік сәуле шығару;
- видеодисплейлердің қауіпті визуалды көрсеткіштері.

4.1.2 ДК операторының жұмыс орнын ұйымдастыру

Оператордың жұмыс орны орналасқан бөлменің (4.3-сурет) сипаттамасы келесідей: мекеме қабаты: 5; габариттік өлшемдері: ені – 4 м, ұзындығы – 7 м, биіктігі – 3,5 м; терезе саны: 2; ДК-мен жабдықталған жұмыс орны саны: 6.

Жұмыс үстелінің құрылымы қондырғылар мен оргтехниканың оптимлды орналасуын қамтамасыз етеді. Компьютер монитору пайдаланушы көзінен оптималды қашықтықта орналасқан: 60-70 см, бірақ 50 см-ден жақын емес (4.2 сурет).



4.2 сурет. Жүйе пайдаланушысының жұмыс орнын ұйымдастыру

Жұмыс үстелінің биіктігі 68-85 см аралығында; оптималды биіктік – 72,5 см. Жүйемен жұмыс барысында қолданылатын үстелдер биіктігі нормаға сәйкес келеді.

Жұмыс үстелінің модульді өлшемдері: ұзындығы – 140 см, ені – 80 см (4.3 сурет).

Жұмыс үстеліндегі пайдаланушы аяғы орналасатын кеңістік өлшемдері: биіктігі – 60 см, ені – 50 см, тізе деңгейіндегі тереңдігі – 40 см және аяқты созған кездегі тереңдік – 50 см.

Орындық көтерілмелі-айналмалы болып табылады және биіктігі бойынша, орындық арқасының иілу бұрыштары бойынша басқарылады:


– орындықтың ені мен тереңдігі – 40 см, иілу бұрышын басқару мүмкіндігі бар: алдыға – 15°-қа дейін, артқа – 5°-қа дейін;

– орындық арқасының биіктігі – 30 см, ені – 38 см, қисықтық радиусы – 40 см;

- арқасының вертикалды кеңістікте иілу бұрышы $0 \pm 30^\circ$ аралығында;
- орындық арқасынан оның алдыңғы шегіне дейінгі арақашықтық 26-40 см аралығында басқарылады.

Орындықтың стационарлы немесе алынып салынатын шынтак тірегіштері бар:

- ұзындығы – 25 см және ені – 5-7 см;
 - биіктігі – 23 см;
 - шынтак тірегіштердің бір ірінен арақашықтығы – 35-50 см.
- Клавиатура үстел шетінен 10-30 см қашықтықта орналасады.



4.3 сурет. Автоматтандырылған жүйе пайдаланушыларының қызметтік бөлмесі

Жұмыс үстелінің конструкциясы оператордың рационалды жұмыс

қалпын қамтамасыз етеді.

Жұмыс орындығы жұмыстың сипаты мен ұзақтығын ескере отырып таңдалады.

Жүйе пайдаланушысының жұмыс орны ыңғайлы болып табылады, оны екі позицияда жұмыс істеуге келістіріп алуға болады. Орындықтың, монитор мен клавиатураның орналасуы әр жағдайда атқарылатын жұмысқа және пайдаланушы әдетіне сәйкес келеді. Операторға көбінесе ыңғайлы қалып – вертикалды, кішкене шалқайған қалып.

Үлкен көлемді жұмыстарды отыру қалпында атқару кезінде орындық сәл алдыға иіледі. Оператор денесінің қалпы көз бағытына сәйкес келеді [31].

4.1.3 Көз шаршауының алдын-алу

Психофизиологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша компьютермен жұмыс кезінде төрт сағаттан кейін көздің шаршауы басталады, ал физиологиялық көрсеткіштердің объективті өзгеруі екі сағаттан кейін басталады. Бұндай жағдайды болдырмау үшін екі сағат уақыттан кейін үзіліс жасалады. Үзіліс кезінде көз гимнастикасы, массаж және физикалық жаттығулар жасалады.

Көз шаршаудың алдын-алу үшін жұмысқа кірісу алдында және жұмыс барысында бейнелердің жарықтығы мен контрастылығы ең төмен оптималды деңгейге қойылады. Монитор экранына көп қадала қарауға болмайды, периодты түрде (әр 3-5 минут сайын) монитор экранынан бөлмедегі ең алыста тұрған затқа немесе терезеде көрінетін алыс объектіге назарды аударып тұру керек (3-5 секундқа).

Көзге қысым түспес үшін және көру қабілеттілігі нашарламас үшін келесідей жаттығулар кешені жасалады:

- көзді монитордың бір бұрышынан келесісіне жиі ауыстыру;
- көзді периодты түрде алыс затқа 2-3 секунд ауыстырып отыру, кейіннен мұрынның ұшына 3-5 секундқа ауыстыру. Жаттығуды 6-8 рет қайталайды;
- көзді 1-2 минут барысында тез жыпылықтату;
- көзді жұмып, саусақ қимылымен айналмалы қимылды массаж жасау: көздің ішкі қабағынан сыртына, сыртқы қабағынан ішіне қарай. Ұзақтығы 1 минут;
- әр қолдың үш саусағымен үстіңгі қабақты әлсіз басып, 1-2 секунд өткеннен кейін жіберу. 3-4 рет қайталау керек;
- жоғары қарап, көзбен сағат тілі бойынша айналмалы қимылдар жасау, сағат тіліне қарсы айналмалы қимылдар жасау. 3-4 рет қайталау керек;

– Көзді жұмулы күйінде жоғары қаратып, төмен түсіру, оңға және солға қарату. 3-4 рет қайталау керек.

8 сағаттық жұмыс уақыты және ДК-де жұмыс кезінде регламенттелген үзілістер қойылған: жұмыс басталғаннан 2 сағат уақыттан кейін және түскі үзіліс аяқталғаннан 2 сағат өткен кезде әрқайсысы 15 минут. Осы үзілістер кезінде жоғары жазылған жаттығулар орындалады.

ДК-дің белсенді пайдаланушылары жылына 2 рет окулист-дәрігерде тексеру өтеді [32].

4.1.4 Өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру

Өрт қауіпсіздік шаралары бірегей үкіметтік қаулылар, ережелер және нормалар негізінде жүргізіледі. Соларға сәйкес дербес компьютерлерді қолдану арқылы жұмыс жүргізілетін бөлмелерде өрт қауіпсіздігін міндетті түрде сақтау қажет.

ДК пайдаланушысының жұмыс орнындағы тұтану көздері болып өткізгіш сымдар, ДК-дің электронды сұлбалары, электр қоректену құрылғылары табылады. Сол себепті осындай бөлмелердің 100 шаршы метр ауданында бір көмірқышқыл типті өрт сөндіргіш орналасады.

Мекеменің барлық қызметкерлері қызметке өрт қарсы сақтық нұсқауды өткен жағдайда ғана жіберіледі. Мекеме басшылары немесе жеке кәсіпкерлер тиісті өрт қауіпсіздік ережелерін орындайтын адамдарды сәйкес қызметке тағайындауға құқылы.

Мемлекеттік органдар өз құзіреттілігі шегінде ведомстваға қарасты мекемелерде өрт қауіпсіздік шараларын жүзеге асырады, өрт сөндіру күзетіне қажетті көмек береді.

Барлық өндірістік, әкімшіліктік, қоймалық және қосалқы жайларда көрінетін жерде өрт сөндіру күзетін шақыру телефоны номері жазылған тақтайша ілініп тұрады.

Әр мекемеде бұйрық құжатпен темекі тартатын орындар анықталып, арнайы жабдықталған, өрт кезінде және жұмыс күні аяқталған кезде электр қондырғыларын тоқтан ажырату тәртібі және өрт байқалған кездегі қызметкерлердің іс-әрекеттері анықталған.

Өрт кезінде компьютерлік техниканы өрттен сөндіру үшін газдық және көмірқышқылды өрт сөндіргіштер қолдану керек. Олардың артықшылығы – өртті сөндірудің жоғары деңгейі мен электронды қондырғылардың сақталуы [33].

4.2 Есептік бөлім

Барлық есептеулер «Өндірістік жарықтандыруды есептеу» және «Аспирациялық жүйелерді есептеу» әдістемелік нұсқаулары бойынша жүргізілді ([35], [36]).

4.2.1 Табиғи жарықтандыруды есептеу

Адамдардың тұрақты мекендеуі бар тұрғылықты орындар табиғи жарық көзімен жарықтанады.

Табиғи жарықтандыру көлденең, үстіңгі және аралас (көлденең және үстіңгі) болып бөлінеді.

Бөлменің ішкі бет жақтарының шағылысу коэффициентінің орташа алынған есептік мәнін қоғамдық және тұрғын бөлмелер үшін 0,5-ке тең деп және өндірістік орындарда 0,4-ке тең деп алу керек [38].

Табиғи жарықтандыруды есептеу барысында бөлме терезелерінің қажетті өлшемдері мен орналасуы анықталады.

Терезе ауданы келесі формула бойынша анықталады:

$$S_0 = \frac{S_{\Pi} \cdot e_N \cdot \eta_0 \cdot K_3 \cdot K_{3д}}{100 \cdot \tau_0 \cdot r_1}, \quad (4.1)$$

мұндағы

S_0 - көлденең жарықтандыру кезіндегі жарық терезелер ауданы, м²;

S_{Π} - бөлме еденінің ауданы, m^2 ;

η_0 - терезелердің жарықтық сипаттамасы, 3.2-кесте бойынша [36];

K_3 - қор коэффициенті (коэффициент запаса), 3.11-кесте бойынша [36];

e_N - табиғи жарықтандыру коэффициентінің (ТЖК) нормаланатын мәні;

r_1 - көлденең жарықтану кезіндегі ТЖК артуын ескеретін коэффициент, 3.9-кесте бойынша [36];

$K_{зд}$ - қарсы тұрған мекемелермен терезелердің қараңғылануын ескеретін коэффициент, 3.8-кесте бойынша [36];

τ_0 - жарық өткізудің жалпы коэффициенті, келесі формула бойынша анықталады:

$$\tau_0 = \tau_1 \cdot \tau_2 \cdot \tau_3 \cdot \tau_4 \cdot \tau_5, \quad (4.2)$$

мұндағы

τ_1 - материалдың жарық өткізу коэффициенті, 3.3-кесте бойынша [6];

τ_2 - терезелердің түптеулерінде жарықтың жұтылуын ескеретін коэффициент, 3.4-кесте бойынша [36];

τ_3 - терезе конструкциясында жарықтың жұтылуын ескеретін коэффициент, көлденең жарықтану кезінде 1-ге тең деп қабылдайды;

τ_4 - күннен қорғайтын құрылғыларда жарықтың жұтылуын ескеретін коэффициент, 3.6-кесте бойынша [36];

τ_5 - шамдар астында орнатылатын қорғаныс торшаларында жарықтың жұтылуын ескеретін коэффициент, 0,9-ға тең деп қабылдайды.

$$S_{\Pi} = L \cdot B = 26 \text{ м}^2, \quad (4.3)$$

$$e_N = m \cdot e_H = 0,65 \cdot 1,5 = 0,975, \quad (4.4)$$

m - жарық климатының коэффициенті, 3.1-кесте бойынша [36] (терезелер сыртқы қабырғаларда, бағыт О; Алматы қаласы IV);

e_H - ТЖК мәні, 3.12-кесте бойынша [36] (көз жұмысының разряды IVб, көлденең жарықтану).

η_0 коэффициентін таңдаймыз:

η_0 - терезелердің жарықтық қасиеті, 3.2-кесте бойынша анықталады [36] (бөлме ұзындығының биіктігіне қатынасы $L/l=7/3,5=2$; жұмыс үстелінің биіктігі $h_p=2,775$ м).

Кестелік мән таңдаймыз: $\eta_0 = 10,5$.

r_1 коэффициентін таңдаймыз.

Жұмыс үстел деңгейі:

$$r_3 = r_{\text{ш}} + r_{\text{но}} - r_{\text{рп}} = 2,775 + 1 - 1 = 2,775 \text{ м.}$$

Бөлме биіктігінің жұмыс үстел деңгейіне қатынасы:

$$l/h_p = 3,5/2,775 = 1,26.$$

Есептік нүкте қашықтығының бөлме биіктігіне қатынасы:

$$l/B = 3,5/7 = 0,5.$$

Бөлме жарықтануы – бір жақты.

Бөлме төбесінің, қабырғаларының және еденінің шағылысу коэффициенті – 0,5.

Бөлме ұзындығының биіктігіне қатынасы:

$$L/l=4;$$

$$r_1 = 2,5;$$

$$K_3 = 1,2.$$

$$(P/H_{зд}=15/3=3); K_{зд} = 1.$$

$$\tau_0 = \tau_1 \cdot \tau_2 \cdot \tau_3 \cdot \tau_4 \cdot \tau_5 = 0,9 \cdot 0,9 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 0,9 = 0,583,$$

мұндағы

$\tau_1 = 0,9$ - бір қабатты әйнекті терезе;

$\tau_2 = 0,9$ - бір қабатты қатаң болат түптеулер;

$\tau_3 = 0,8$ - ағаш аркалар мен формалар;

$\tau_4 = 1$ - реттелетін жалюздер мен перделер;

$\tau_5 = 0,9$ - қорғаныс торшасында жарықтың жұтылуы.

$$S_0 = \frac{S_{\Pi} \cdot e_N \cdot \eta_0 \cdot K_3 \cdot K_{зд}}{100 \cdot \tau_0 \cdot r_1} = \frac{26 \cdot 0,975 \cdot 10,5 \cdot 1,2 \cdot 1}{100 \cdot 0,583 \cdot 1,26} = 4,35 \text{ м}^2$$

Бір терезенің ауданын табамыз, себебі бөлме бір жақты екі терезе көмегімен жарықтанады:

$$S_{OK} = \frac{S_0}{2} = \frac{4,35}{2} = 2,175 \text{ м}^2$$

Терезенің қажетті енін анықтаймыз:

$$L_{OK} = \frac{S_{OK}}{h_{OK}} = \frac{2,175}{2,5} = 0,9 \text{ м}$$

Қорытынды: ДК пайдаланушылар бөлмесінің қажетті жарықтануын қамтамасыз ету үшін ені 0,9 метр, ал биіктігі 2,5 метр екі терезе орнатамыз.

4.2.2 Кондиционерлеу және вентиляция жүйесін есептеу

4.1 кесте

Алғашқы мәндер

Қала	Алматы	
Бөлме параметрлері, м	Ұзындығы	7
	Ені	4
	Биіктігі	3,5
Қондырғы бойынша мәліметтер	саны, дана	7
	жұмыс қуаты, кВт/ч	0,3
	ПӘК, η	0,9
Жасанды жарық бойынша мәліметтер	жарық құрылғы-ң қуаты, Вт/м ²	53
	жарық құрылғы-ң типі	люминесц. Шамдар
Қызметкерлер саны, олардың ішінде	Ерлер	4
	Әйелдер	2
Терезелер	Саны	2

	1 терезенің ауданы, м ²	2
	Орналасуы	О
	Түрі	жалюзи, ағаш түптеу, ластануы елеусіз
Тәуліктің есептік уақыты, сағ.		13-14
Бөлмедегі температура, °С	Жазда	25
	Қыста	20
Жұмыс істеу қалпы		Отырып

4.2 Кесте

Сыртқы ауаның есептік параметрлері

Мекен атауы		Алматы	
Есептік географиялық ендік, °с.ш.		48	
Барометрлік қысым, Гпа		950	
Жыл периоды		Жылы	Суық
А параметрлері	ауа температурасы, °С	25,1	-20
	меншікті энтальпия, кДж/кг	46,5	-18,8
	ауа жылдамдығы, м/с	1	6,5
Б параметрлері	ауа температурасы, °С	31	-32
	меншікті энтальпия, кДж/кг	51,9	-31,8
	ауа жылдамдығы, м/с	1	5,8
Ауа температурасының орташа тәуліктік амплитудасы, °С		13,3	-

4.2.2.1 Бөлмедегі жылулық жүктелімдерді есептеу

Әр түрлі мақсатта пайдаланылатын бөлмелерде негізінен жылулық жүктемелер әрекет етеді, олар бөлме сыртында да, ішінде де пайда болады.

4.2.2.1.1 Сыртқы жылулық жүктемелер

Берілген жүктемелер келесі құрауыштардан тұрады:

– бөлме сыртындағы және ішіндегі температуралардың айырмашылығынан туатын қабырғалар, төбе, терезелер мен есік арқылы жылудың енуі немесе жылудың жоғалуы;

– әнектелген аудандар арқылы күннің сәуле шығаруынан пайда болатын жылу енуі;

– инфильтрация салдарынан жылу енуі.

Жыл мезгілі мен тәулік мезгіліне сәйкес сыртқы жылулық жүктемелер оң болуы мүмкін.

Температуралардың айырмашылығы әсерінен болатын жылу енулері мен жылу жоғалтулары келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_{огр} = V_{ном} \cdot X_0 \cdot (t_{Врасч} - t_{Нрасч}), \text{ Вт} \quad (4.5)$$

мұндағы,

$V_{бөл}$ – бөлме ауданы, м^3 :

$$V_{ном} = 7 \cdot 4 \cdot 3,5 = 98 \text{ м}^3;$$

X_0 – меншікті жылулық сипаттама, $\text{Вт}/\text{м}^3 \text{ } ^\circ\text{C}$:

$$X_0 = 0,42 \text{ Вт} / \text{м}^3 \text{ } ^\circ\text{C};$$

$t_{\text{Нрасч}}$ – сыртқы температура (Б параметрі), суық период үшін – 13 сағаттағы ең суық айдың орташа температурасы. Мәліметті 1.2-кестеден аламыз: жылы период үшін $t_{\text{Нрасч}} = 25,1$ °С және суық период үшін $t_{\text{Нрасч}} = -20$ °С;

$t_{\text{Врасч}}$ – ішкі температура, жайлы жағдайларды немесе өндірістік процестерге қойылатын технологиялық талаптарға сәйкес алынады. Жылы период үшін $t_{\text{Врасч}} = 25$ °С және суық период үшін $t_{\text{Врасч}} = 20$ °С.

$$Q_{\text{озр}_m} = 98 \cdot 0,42 \cdot (25,1 - 25) = 4,16 \text{ Вт}$$

$$Q_{\text{озр}_x} = 98 \cdot 0,42 \cdot (-20 - 20) = -1646,4 \text{ Вт}$$

Жылы период кезіндегі жылу енуі 4,16 Вт болса, суық период кезіндегі жылу жоғалуы 1646,4 Вт.

Күн сәулесінен болатын артық жылу әйнек типіне байланысты 90 %-ға дейін бөлме ортасымен жұтылады, ал қалған бөлігі шағылады. Максималды жылулық жүктеме сәулеленудің максималды кезінде болады. Сәулелену интенсивтілігі өңірдің еніне, жыл мерзіміне және тәулік уақытына байланысты болады.

Күн сәулесінен жылудың әйнек арқылы енуі келесі формуламен анықталады:

$$Q_p = q^1 \cdot F_0 \cdot \beta_{c.z} = (q_{\text{өн}} + q_{\text{өп}}) \cdot K_1^C \cdot K_2 \cdot \beta_{c.z} \cdot n \cdot S_0, \text{ Вт} \quad (4.6)$$

мұндағы

$q_{\text{өн}}, q_{\text{өп}}$ – тура және шашыраңқы радиацияның жылулық ағындары, Вт/м²;

$F_{0ю} = n \cdot S_0 = 2 \cdot 2 = 4 \text{ м}^2$ - терезе ауданы, О (оңтүстік) бағыт үшін (n – терезелер саны; S_0 – 1 терезенің ауданы);

$\beta_{с.з}$ – жылу ену коэффициенті, 4-кестеден алынады [35]. Жалюзи үшін $\beta_{с.з} = 0,15$;

K_1 – түптеулермен қараңғылану коэффициенті (K_1^C – сәулеленген терезелер үшін). 6-кесте бойынша [35] $K_1^C = 0,46$;

K_2 – әйнек ластануының коэффициенті. 7-кесте бойынша [35] $K_2 = 0,95$.

5-кесте бойынша [35] 48° ендік үшін СЕ түс уақытынан кейін (13-14 сағ.):

$$q_{en} = 271 \text{ Вт/м}^2; \quad q_{ep} = 87 \text{ Вт/м}^2$$

Сонда:

$$Q_p = Q_{pю} = (271 + 87) \cdot 0,46 \cdot 0,95 \cdot 4 \cdot 0,15 = 93,8676 \text{ Вт.}$$

4.2.2.1.2 Ішкі жылулық жүктемелер

Ішкі жүктемелердің негізгі құраушылары:

- адамдардан бөлінетін жылу;
- шамдар, жарықтандыру және электр тұрмыстық қондырғылардан бөлінетін жылулар;
- компьютерлер, басып шығарушы қондырғылардан және т.б. бөлінетін жылулар.

Өндірістік және технологиялық бөлмелерде жылу бөлінудің қосымша көздері болып келесілер саналады: қыздырылған өндірістік қондырғы, ыстық материалдар, соның ішінде сұйықтықтар және әр түрлі жартылай фабрикааттар, жану және химиялық реакция заттары.

Адамдардан жылу бөліну атқарылатын жұмыстың интенсивтілігіне және қоршаған ауаның параметрлеріне байланысты болады.

Есептеулер үшін бөлмедегі адамдар санын бір адам үшін көрсеткішке көбейту қажет. Осылай біз бөлмедегі барлық адамдардан бөлінетін жылуды таба аламыз

4.3 кесте

Адамның сыртқы ортаға жылу бөлуі, Вт

Сыртқы ортаның температурасы, °С	Отырған қалыпта жұмыс істеу		
	айқын	жасырын	жалпы
20	82	21	103
25	61	41	102

Жаз периоды үшін: 4.3-кесте бойынша 25 °С температурада бір ер адам 61 Вт айқын жылу бөледі, ал жалпы – 102 Вт. Әйел адам ер адамның жылу бөлу нормасының 85%-н құрайтын жылу бөледі.

Сонда бөлмедегі айқын жылу бөлу:

$$Q_{л}^a = 61 \cdot 4 + 61 \cdot 2 \cdot 0,85 = 347,7 \text{ Вт}$$

Жалпы жылу бөлу:

$$Q_{л}^o = 102 \cdot 4 + 102 \cdot 2 \cdot 0,85 = 581,4 \text{ Вт}$$

Жаз периоды үшін: 4.3-кесте бойынша 20 °С температурада бір ер адам 82 Вт айқын жылу бөледі, ал жалпы – 103 Вт. Әйел адам ер адамның жылу бөлу нормасының 85%-н құрайтын жылу бөледі.

Сонда бөлмедегі айқын жылу бөлу:

$$Q_3^A = 82 \cdot 4 + 82 \cdot 2 \cdot 0,85 = 467,4 \text{ Вт}$$

Жалпы жылу бөлу:

$$Q_3^O = 103 \cdot 4 + 103 \cdot 2 \cdot 0,85 = 587,1 \text{ Вт}$$

Жарықтандыру құралдарынан, оргтехника мен қондырғылардан бөлінетін жылу келесідей есептеледі. Шамдардан бөлінетін жылу:

$$Q_{ocв} = \eta \cdot N_{ocв}, \text{ Вт}$$

мұндағы

η – электр энергиясының жылу энергиясына айналу коэффициенті (люминесценттік шамдар үшін $\eta = 0,5-0,6$);

$N_{ocв}$ – шамдардың орнатылған қуаты ($N = 53 \text{ Вт/м}^2$).

Жарықтандыру құралдарының бөлінетін жылуды есептеу үшін еден ауданын ескеру қажет.

Сонда:

$$Q_{ocв} = \eta \cdot N_{ocв} \cdot F_{пол}, \text{ Вт} \quad (4.7)$$

$F_{пол}$ – бөлме еденінің ауданы:

$$F_{пол} = 7 \cdot 4 = 28 \text{ м}^2$$

$$Q_{ocв} = 0,5 \cdot 53 \cdot 28 = 742 \text{ Вт}$$

Өндірістік қондырғылармен бөлінетін жылу:

$$Q_{об} = N_{уст} \cdot K \quad (4.8)$$

Қондырғылармен бөлінетін жалпы жылуды анықтау үшін бір қондырғы бөлетін жылуды қондырғылар санына көбейту керек.

Сонда:

$$Q_{об} = P_{об} \cdot K \cdot n_{об} \Rightarrow$$

$$Q_{об} = 0,3 \cdot 10^3 \cdot 4 \cdot 0,9 = 1080 \text{ Вт}$$

4.2.2.2 Бөлменің жылулық балансын есептеу

Жүргізілген есептеулердің негізінде бөлмедегі жылу балансын құрамыз.

Жылдың суық периоды үшін:

$$\begin{aligned} Q_{узб}^3 &= Q_P + Q_3^Я + Q_{осв} + Q_{об} + Q_{орг_x} = \\ &= 93,8676 + 303,4 + 7950 + 1080 - 25200 = -15772,7324 \text{ Вт} \end{aligned}$$

Жылдың жылы периоды үшін:

$$\begin{aligned} Q_{узб}^Л &= Q_P + Q_Л^Я + Q_{осв} + Q_{об} + Q_{орг_m} = \\ &= 93,8676 + 225,7 + 7950 + 1080 + 63 = 9412,5676 \text{ Вт} \end{aligned}$$

$Q_{узб}^Л > Q_{узб}^3$ болғандықтан, кейінгі есептеулер үшін:

$$Q_{узб} = Q_{узб}^Л = 9412,5676 \text{ Вт} .$$

Ауаның жылу кернеулігін есептейміз:

$$Q_H = \frac{Q_{изб} \cdot 860}{V_{ном}}, \text{ ккал/м}^3$$

$$Q_H = \frac{9,413 \cdot 860}{1500} = 5,3968 \text{ ккал/м}^3$$

$$Q_H > 20 \text{ ккал/м}^3, \Delta t = 8^0 \text{C},$$

$$Q_H < 20 \text{ ккал/м}^3, \Delta t = 6^0 \text{C}$$

Бөлмеге қажетті ауа мөлшерін анықтау:

$$L = \frac{Q_{изб} \cdot 860}{C \cdot \Delta t \cdot \gamma}, \text{ м}^3 / \text{саг} \quad (4.9)$$

мұндағы,

$C = 0,24 \text{ ккал}/(\text{кг} \cdot ^0\text{C})$ – ауаның жылу сыйымдылығы;

$\gamma = 1,206 \text{ кг}/\text{м}^3$ – құйылатын ауаның меншікті массасы;

$\Delta t = 6^0 \text{C}$.

Сонда:

$$L = \frac{9,413 \cdot 860}{0,24 \cdot 6 \cdot 1,206} = 4661,4036 \text{ м}^3 / \text{час}$$

Ауа алмасудың еселігін анықтау:

$$n = \frac{L}{V_{ном}} = \frac{4661,4036}{1500} = 3,1076 \text{ сaғ}^{-1}.$$

4.2.2.3 Кондиционерді таңдау

Алынған мәліметтерге жүгіне отырып жоғарыдан ауа жіберетін SUA 0331 кондиционерін таңдаймыз. Оның техникалық сипаттамалары 1.4-кестеде берілген.

4.4 Кесте

UNIFLAIR фирмасының SUA 0331 модельді кондиционерінің негізгі техникалық сипаттамалары

Жоғарыдан жіберу моделі		SUA 0331
Ауа шығыны, м ³ /сағ	макс.	1940
	мин.	1400
4.4 Кестенің жалғасы		
Суық өндірушілігі, Вт	24 °С, 50%	9,5
	26 °С, 50%	9,6
Компрессор қуаты, кВт		2,9
Электр қыздырғыштығы, кВт		2,2
Ылғалдатқыштығы, кВт		1,5
Бу шығыны, кг/ч		2,0
Өлшемдері, мм	биіктігі	1740
	ені	700
	тереңдігі	450

Ауа салқындатқышы бар кондиционер екі блоктан тұрады: ішкі блок компрессордан, буландырғыштан, вентилятор мен автоматикадан тұрады; сыртқы блок алып шығарылатын конденсатордан және жылу алмастырғыштан тұрады. Ауа төмен бірден бөлмеге жіберіледі, беттік панель арқылы ішке беріледі.

5 Экономикалық бөлім

5.1 Жұмыстың сипаттамасы мен қажеттілігінің негіздемесі

Бизнес-жоспар — кәсіпорынның алдына қойған экон. мақсаты мен оны жүзеге асыру жолдары, міндеттері мен әдіс-тәсілдері баяндалған құжат. Бизнес жасау үшін нарықтық орта жан-жақты зерттеледі. Нарықтық ортаның ағымдағы жағдайы, болуы мүмкін өзгерістер мен кедергілер, жобаны іске асырудан түсетін табыс мөлшері, т.б. нақты көрсетіледі. Бизнес-жоспар, көбінесе, банктен кредит алу және оның қайтарылуын қамтамасыз ету үшін жасалады.

Жобаның экономикалық тиімділігін анықтау бағдарламалық құралды құру процессінің ажырамас бөлігі болып табылады. Автоматтандыру құралдарының дамуы мекемені басқару облысындағы қажеттіліктерге сай жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар, аталған қажеттіліктерді тек технологиялық жаңартпаларды енгізу қажеттілігімен байланыстырып керек жоқ. Бағдарлама өңдеушісіне бизнес-бөлімшелердің нақты қажеттіліктерін түсіну керек, ал тапсырыс берушілер өңдеушілердің мүмкіндіктерін анық бағалауы тиіс. Жаңа жүйені құру жайында соңғы шешімге келу үшін мәліметтерді өңдеудің қазіргі әдістері мен енгізілуге тиіс әдістерді салыстыру қажет. Дегенмен, ақпараттық жүйені енгізудің экономикалық тиімділігі оның сипатына тәуелсіз, қойылған мақсатқа жету дәрежесімен анықталады.

Дипломдық жұмыстың экономикалық бөлімінде жергілікті желінің толықтай бағасы есептеледі.

5.2 Негізгі және қосалқы материалдарға кететін шығындар

Жергілікті желіні құрастыру үшін кабель, 5е есулі қос өткізгішті кабелі, қорап, модульді розеткалар қолданылады.

Бұл материалдардың бағалары жөніндегі мәліметтер келісім негізінде қалыптасады және бастапқы деңгейде қарастырылады. 5.1 кестеде негізгі және қосалқы материалдарға кететін шығындар көрсетілген. Бағалар негізінде “ALSER COMPUTERS” дүкенінің прайс қағазы алынған.

5.1 Кесте

Монтаждық жұмыста негізгі және қосалқы материалдарға кететін шығындар

Материалдың аты	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы, тг.	Жалпы құны, тг.
Есулі жұп 5е кат.	Бухта	5	500	2500
Legrand коробки 100x50	шт.	15	1500	75000
Модульдік розеткалар Legrand (екі қабатты)	шт.	50	100	5000
Барлығы				82500
Негізгі материалдар				
Қосалқы материалдар (негізгі материалдардан)				20625
Негізгі және қосалқы материалдарды бірге есептегенде:				103125
Тасымалдау, жасату шығындары (негізгі және қосалқы материалдар бағасының 20%-ы):				20000
Негізгі және қосалқы материалдардың бағасын және тасымалдау шығындарын бірге есептегенде:				123125

Жүйені құруға кеткен шығынның сметасын құрамыз.

ЖЕЖ-сін құру барысында жасалған шығындардың сметасы негізгі, қосымша және басқа шығындардан тұрады.

Кез-келген бағдарламалық өнімнің өзіндік құны келесі шығындардан құралады:

- негізгі бағдарламалық өңдеушілердің жалақысы ($Z_{п}$);
- қосымша жалақы (бонус ретінде төленеді) ($Z_{доп}$);
- еңбек ақы төлеу қоры ($ФОТ = Z_{п} + Z_{доп}$);

- әлеуметтік салық (O_c);
 - амортизациялық төлемдер (A);
 - шығын материалдары (қағаз, картридж, канцеляриялық құрал-жабдықтар және т.б.) (M);
 - интернет шығындары (P_u);
 - арендалық төлемдер (P_a);
 - сертификация мен лицензиялау шығындары (P_l);
 - басқа өндірістік шығындар (барлық шығындардың 20%-ы) (P_{np}).
- Сонда шығындардың жалпы сомасы келесідей формуламен анықталады:

$$C = \Phi OT + O_c + A + M + P_u + P_a + P_l + P_{np}$$

Әрбір жұмыстың түрі бойынша бір күндік циклдың ұзақтығын келесі формуламен береміз:

$$t_n = \frac{T}{q_n \cdot z \cdot K},$$

мұндағы

T – этаптың еңбек сыйымдылығы, норма-сағат;

q_n – этап бойынша атқарушылардың саны;

z – жұмыс күнінің ұзақтығы, $z=7$ сағат;

K – уақыт нормасының орындалу коэффициенті, $K=1,1$.

Алынған t_n шамасын бүтін санға дейін жуықтаймыз.

Жүйе құру процессіне қатысушы қызметкерлердің саны мен олардың жалақы көлемі 5.1-кестеде көрсетілген.

5.2 кесте

Қызметкерлердің жалақы мөлшері

Атқарушылар	Саны, адам	Айлық жалақы мөлшері, тенге
Инженер-өңдеуші	1	100 000
Консультант	1	80 000
Итого	2	000

5.2.1 Қосымша жиынтықтарға кететін шығындар

Қосымша жиынтықтарға кететін шығындар 5.3 Кестеде көрсетілген. Бағалар негізінде “ALSER COMPUTERS” дүкенінің прайс қағазы алынған.

5.3 Кесте

Жергілікті желідегі қосымша жиынтықтарға кететін шығындар

Жиынтықтың аты	Түрі, маркасы	Саны	Біреуінің бағасы, тг.	Жалпы бағасы, тг.
Телекоммуникациялық шкаф	LeG	2	25000	50000
Патч-панель	type 110, 24 port	18	1000	18000
Көлденең кабельді органайзер	LeG	18	100	1800
Тік кабельді органайзер	LeG	12	80	960
Маршрутизатор	Cisco 2621	1	15400	15400
Коммутатор	Allied Telesyn AT-8024M	2	4800	9600
Концентратор	Allied Telesyn AT-3624TR	6	3200	1920
Сервер	HP ProLiant DL380 G3	6	17500	105000
Ленталық жинаушы	HP 1/8 DLT VS80 Tape Autoloader	1	10600	10600
ИБП	APC	2	50000	100000

	Smart-UPS RM 2U		
Барлығы:			330560
Транспорттық шығындар:			60000
Жалпы:			390560

5.3 Техникалық-экономикалық көрсеткіштер

Техника-экономикалық көрсеткіштер 5.3 Кестеде көрсетілген.

5.3 Кесте

Техникалық-экономикалық көрсеткіштер

Көрсеткіштердің аты	Өлшем бірлігі	Жоба
